

**КАСПИЙ ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Жеке-құқықтық пәндер кафедрасы**



**Қазиева Г.Т.**

**САҚТАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ**

**(Дәрістер курсы)**

**Алматы 2007**

Жеке-құқықтық пәндер кафедрасының отырысында келісілді

Оқу-методикалық кеңесінде бекітілді

Қазиева Гүлжауһар Тұрсынханқызы  
аға оқытушы

**Қазиева Г.Т.** Сақтандыру құқығы: Дәрістер курсы. –  
Алматы: ҒБО КҚУ, 2007. – 116 бет.

© Казиева Г.Т.

© Каспий қоғамдық  
университеті, 2007

© Рәсімделуі ҒБО КҚУ

## МАЗМУНЫ

	бет
1 дәріс.....	4
2 дәріс.....	11
3 дәріс.....	19
4 дәріс.....	23
5 дәріс.....	30
6 дәріс.....	64
7 дәріс.....	69
8 дәріс.....	79
9 дәріс.....	82
10 дәріс.....	103
Глоссарий.....	105

## **1 дәріс. САҚТАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСİNДЕ**

Қазіргі жағдайда сақтандыру – бұл өмірдің әр-түрлі салаларында барынша жиі болатын жағдайлардың теріс әсерінен заңды тұлғалар мен азаматтардың мүдделерін қорғау әдістерінің бірі.

Адамдар жиі өрттерден, су тасқыны, сел және осылар сияқты т.б. жағдайлар нәтижесінде өздерінің қозғалмайтын және қозғалатын мүліктерінен айырылу мүмкіндігінен сақтануды қалайды. Кәсіпкерліктің дамуы тиісінше тәуекелдерінің өсе түсуіне әкелді, олар іскерліктегі әріптестердің сенімсіз болып шығуы, нарықтағы бағалар (құндылықтар) кенет өзгеріп кетуіне, шарт бойынша әріптестердің банкротқа ұшырауына байланысты болуы мүмкін шығындар болады. Өз кезегінде бұл сақтандырудың дамуына қосымша түрткі болды. Уақыт ағымында мұндай қажеттілік азаймайды, керісінше азаматтар мүліктік жағдайы жақсаруының және кәсіпкерлік дамуының салдарынан сақтандырудағы қажеттілік одан әрі өсе түседі.

Айтылғандардың сенімділігін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен №491 27 қараша, 2000 жылы бекітілген, 2000-2002 жылдары Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын қабылдау фактісі растайды. Бұл бағдарламаның мақсатыретінде қазіргі заманға сәйкес және тұрақты ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру белгіленген (аталған). Мұндай сақтандыру нарығы мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық субъектілердің мүдделерін қорғаудың шынайы куралы болуы қажет. Осымен қоса тиімді сақтандыру жүйесін құру, мемлекеттік әлеуметтік саясаттын бір құрамасы ретінде де танылуы керек.

Бағдарламада атап өтілгендей, сақтандыру саласы Адам өмірінің өндірістік және әлеуметтік – экономикалық қызметтерінің барлық жағын қамтиды. Сақтандырудың дәстүрлі орын толтыру (компенсациялық) міндетімен бірге өзге де міндеті қарастырылған. Енді сақтандыру жинақтау – қаражат сақтау міндетін де арқаруы қажет.

Сақтандырудың мәне бір қатар факторлармен анықталады. Ол мемлекет тарапынан қаралған шаралар көлемі мен сипатынан тәуелсіз халық пен ұйымдардың әртүрлі мүдделерін қосымша

қорғауды ұсынуға мүмкіндік береді. Табиғи және техногендік апаттар, әсерлерін жою бойынша шығындардың негізгі ауыртпалығы қазіргі уақытта оның мүмкіншіліктері объективті шектеулі болып келетін мемлекеттік бюджетке түседі. Сақтандыру осы қолайсыздықты жою тиіс. Бұдан басқа сақтандыру механизмін пайдалану өндірісте қолданылып жүрген технологияның жетілдірілуіне, кәсіпкерлік қызметтің жедел дамуына мүмкіншілік береді.

Сақтандыру жүйесі республика экономикасы тұрақты дамуына, халықты әлеуметтік қорғауды көтеру үшін қосымша негізді құруға азаматтар мен шаруашылық субъектілер мүлкін сақтандыруға әсер етуі қажет.

Сақтандыру мәселелері медицинаны қоса алғандағы әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелеріне тікелей қатысты. Қазіргі заманғы сақтандыру индустриясын құру мемлекетке келесі міндеттер қатарын шешуге мүмкіндік береді:

1) табиғи-техногендік сипаттағы қарастырылмаған шығындарды толтыруда мемлекеттік бюджетке ауыртпалықты азайтудың;

2) нарықтық экономика қағидаларына сай сақтандыру жәрдемімен әлеуметтік қамтамасыз етудің жекелеген мәселелерін шешуге жинақталған зейнетақыны толеуге, еңбекке қабілеттілікті жоғалтуға, асыраушының қайтыс болуына жұмыссыздыққа жәрдем ақылдары төлеуге, еңбекке қабілеттілікті жоғалтуға, асыраушының қайтыс болуына, жұмыссыздыққа жәрдем ақылдары төлеуге, денсаулық сақтауға қатысты шығындардың орнын толтыруға;

3) халық пен ұйымдардың қараттарын ұзақ мерзімді негізде ұлттық экономикаға шоғырландыруға.

Осыған дейін біршама уақыт бұрын сақтандыру қатынастарын кешенді реттейтін заң актісі болып Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылы 3 қазанынан «Сақтандыру туралы» заң күші бар Жарлығы саналады. 2000 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» жаңа Заңы қабылданды.

Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, «Сақтандыру қызметі туралы» Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. «Сақтандыру қызметі

туралы» Заңмен тікелей реттелген қатынастарды қоспағанда, сақтандырудан туындайтын және өзге де заң актілерінің қолданылатын аясына жататын қатынастар осы актілермен реттеледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта «Сақтандыру қызметі туралы» Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады

«Сақтандыру қызметі туралы» Заң кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде сақтандыруды жүзеге асырудың негізгі ережелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сақтандыру брокерлерін құру, лицензиялау, реттеу, олардың қызметін тоқтату ерекшеліктерін, өзге де жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру рыногындағы қызметінің талаптарын, сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеу міндеттерін және сақтандыру қызметін қадағалауды қамтамасыз ету принциптерін белгілейді. Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті органның) және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға сәйкес қабылдайтын нормативтік құқықтық актілері сақтандыру рыногының барлық қатысушылары үшін міндетті болады.

«Сақтандыру қызметі туралы» Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

› актуарий – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйлық ақысы ставкаларының экономикалық-математикалық есептеулерін жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүргізіп жатқан және жүргізуді жоспарлап отырған сақтандыру түрлерінің пайдалылығы мен кірістілігін бағалауды жүргізетін, уәкілетті органның лицензиясы бар жеке тұлға;

› ассистанс – сақтандыру ұйымдарының, заңды тұлғалардың сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) саяхатта не тұрғылықты жерінен алыста жүрген уақытта қиын жағдайға душар болғанда сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан оған техникалық, медициналық жәрдемдесу арқылы ақшалай және (немесе) табиғи-заттай нысанда көмек көрсетуі;

➤ бақылау – бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі, ол мынадай:

◆ бір тұлға басқа тұлғаның дауыс беретін акцияларының елу процентінен астамын дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін не басқа заңды тұлғаның акцияларының елу процентінен астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігі болатын;

◆ бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесі немесе басқармасы құрамының кемінде жартысын сайлау мүмкіндігі болатын;

◆ бір заңды тұлғаның қаржылық есептілігі аудиторлық есепке сәйкес басқа заңды тұлғаның қаржылық есептілігіне қосылатын;

◆ бір заңды тұлғаның шартқа (растайтын құжаттарға) орай немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгеше түрде басқа заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі болатын жағдайлардың бірі болған кезде туындайды;

➤ бас ұйым – басқа заңды тұлғаға бақылау жасайтын заңды тұлға;

➤ еншілес ұйым – өзіне қатысты басқа заңды тұлға бақылау жасайтын заңды тұлға;

➤ заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін жанама иелену не акцияларын иелену (олармен дауыс беру) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның ірі қатысушысының немесе басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену (олармен дауыс беру) арқылы бірлесіп заңды тұлғаның ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін анықтау мүмкіндігі;

➤ заңды тұлғаның ірі қатысушысы – заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп процентін тікелей немесе жанама иеленетін (мемлекет, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық холдинг немесе ұлттық басқарушы компания осындай иелік етуші болып табылатын жағдайларды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлға;

➤ капиталға қомақты қатысу – дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жиырма және одан да көп процентін тікелей немесе жанама, дербес немесе, бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп иелену не акциялардың жиырма және одан да көп процентімен дауыс беру мүмкіндігінің болуы;

➤ қайта сақтандыру – өздерінің арасында жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес бір жағынан қайта сақтанушының сақтандыру тәуекелдерінің бәрін немесе бір бөлігін қайта сақтандыруға беруіне және екінші жағынан осы тәуекелдерді қайта сақтандыру ұйымының қабылдауына байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар;

➤ қайта сақтандыру ұйымы (қайта сақтандырушы) – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

➤ қайта сақтандырушы (цедент) – өзі қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асыратын сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымы;

➤ мінсіз іскерлік бедел – кәсіпқойлықты, адалдықты, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары немесе орташа ауырлықтағы, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген сотталғандығы жоқ екенін растайтын фактілердің болуы;

➤ ортақ сақтандыру – бірнеше сақтандыру ұйымдарымен бір мезгілде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін қабылдап, олардың жауапкершілігін өздерінің арасында жасалған ортақ сақтандыру шартына сәйкес бөлуге байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар;

➤ өздігінен ұстап қалу – жауаптылық көлемінің бір бөлігі, соның шегінде сақтандырушы немесе қайта сақтандырушы (цедент) сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартына сәйкес өз есебінен жауапты болады;

➤ пруденциялық нормативтер – уәкілетті орган белгілейтін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтауы үшін міндетті нормативтер;



➤ сақтандыру агенті – берілген өкілеттіктеріне сәйкес бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

➤ сақтандыру брокері – сақтанушының тапсыруымен сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының мүддесін білдіретін немесе өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты қызмет көрсету жөніндегі делдалдық қызметті, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

➤ сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын құжаты;

➤ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын жанама иелену (олармен дауыс беру) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының немесе заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) иелену арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін айқындау мүмкіндігі;

➤ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы – уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп процентін тікелей немесе жанама иелене алатын немесе:

◆ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының он немесе одан да көп процентімен тікелей немесе жанама дауыс беру;

◆ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдайтын шешімдерге шартқа орай не уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын тәртіппен өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігіне ие жеке немесе заңды тұлға (мемлекет, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық холдинг немесе ұлттық басқарушы компания, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделген жағдайларда осындай иелік етуші болып табылатын жағдайларды қоспағанда);

➤ сақтандыру қызметінің субъектілері – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары;

➤ сақтандыру портфелі – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының, сондай-ақ олар бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) жиынтығы;

➤ сақтандыру резервтері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актуарий есептеулері негізінде бағаланатын міндеттемелері;

➤ сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылар – өз қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиялары негізінде жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий;

➤ сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) – сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын заңды тұлға;

➤ сатып алу сомасы – жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушының алуына құқығы бар ақша сомасы.

## 2 дәріс. САҚТАНДЫРУ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сақтандыру дегеніміз, сақтандыру ұйымы өз активтері есе-  
нінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шар-  
ында белгіленген сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар  
туындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік  
мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені. ақтандыру  
қызметі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру  
(қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты,  
Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті  
мемлекеттік органның лицензиясы негізінде не Қазақстан  
Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне  
сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі.

Сақтандыру қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік рет-  
теу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға,  
сыныптар мен түрлерге бөлінеді. Сақтандыру ұйымының  
сақтандыру қызметі "өмірді сақтандыру" саласы және "жалпы  
сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылады.

"Өмірді сақтандыру" саласы ерікті сақтандыру нысанында  
мынадай сыныптарды қамтиды:

- 1) өмірді сақтандыру;
- 2) аннуитеттік сақтандыру;
- 3) өмірде белгілі бір оқиғаның басталуынан сақтандыру;
- 4) сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушы-  
ның қатысуымен өмірді сақтандыру.

"Жалпы сақтандыру" саласы ерікті сақтандыру нысанында  
мынадай сыныптарды қамтиды:

- 1) жазатайым жағдайлардан сақтандыру;
- 2) ауырған жағдайдан сақтандыру;
- 3) автомобиль көлігін сақтандыру;
- 4) темір жол көлігін сақтандыру;
- 5) әуе көлігін сақтандыру;
- 6) су көлігін сақтандыру;
- 7) жүктерді сақтандыру;
- 8) 3)-7) қатарда аталған сыныптарды қоспағанда, мүлікті  
залалдан сақтандыру;
- 9) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық  
жауапкершілігін сақтандыру;

- 10) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 12) 9)-11) қатарда аталған сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- 13) заемдарды сақтандыру;
- 14) ипотеканы сақтандыру;
- 15) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;
- 16) басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру;
- 17) сот шығыстарынан сақтандыру.

Ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандырудың жекелеген сыныбын (түрін) жүргізу жағдайлары бойынша қосымша талаптар, оның ішінде сақтандырудың жекелеген сыныптары (түрлері) шеңберіндегі пруденциалдық нормативтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Сақтандыру түрі, сақтандыру ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартын жасау арқылы сақтандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шегінде әзірлейтін және беретін сақтандыру өнімі болып табылады. Сақтандыру ұйымы сақтанушыға сақтандыру полисін бере отырып қосылу шарты нысанында сақтандыру шартын жасасу жөніндегі қызметті уәкілетті органмен сақтандыру ережелерін келіскеннен кейін ғана жүзеге асыруға құқылы. Мазмұны мен талаптары Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін заңнамалық актісімен айқындалатын міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жекелеген сыныбы болып табылады. Өмірді сақтандыру сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін не сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Аннуитеттік сақтандыру сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткен, еңбек ету қабілетін (жасына байланысты, мүгедектігіне байланысты, науқастығына байланысты) жоғалтқан, асыраушысы қайтыс болған, жұмыссыз қалған жағдайларда немесе сақтандырылушының жеке табыстарының кемуіне немесе одан айрылуына әкеліп соққан өзге де жағдайларда зейнетақы немесе рента түрінде шартта белгіленген мерзім ішінде немесе өмір бойы кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру

көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жағдайы сақтандыру төлемдерінің мөлшерін айқындаумен, нақтылаумен және растаумен байланысты емес. Өмірде белгілі бір оқиғаның басталуынан сақтандыру сақтандырылушының өмірінде алдын ала ескерілген оқиға (неке қию немесе бала туу) басталған жағдайларда тіркелген сомада сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру инвестициялық қызмет нәтижесінде сақтандыру ұйымы қосымша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру не сақтандыру сомасын ұлғайту арқылы алатын табысқа сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) қатысуы талап етіле отырып, сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін не сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайда тіркелген сомада сақтандыру төлемін немесе зейнетақы немесе рента түрінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Инвестициялық қызмет нәтижесінде сақтандыру ұйымы алатын кірістерге сақтандырылушының (пайда алушының) қатысу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. Жазатайым жағдайдан сақтандыру, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында аталған сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, сақтандырылушы жазатайым жағдайдың, кәсіби аурудың салдарынан қайтыс болған, еңбек ету (жалпы немесе кәсіптік жағынан) қабілетін (толық немесе ішінара) жоғалтқан немесе сақтандырылушының денсаулығына өзге де зиян келтірілген жағдайларда оның шығыстарын тіркелген сомада және (немесе) ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Жазатайым жағдай дегеніміз – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, сақтандырылушының организміне сырттан оның денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не өліміне келіп соққан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі салдарынан кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай).

Ауырған жағдайдан сақтандыру «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында аталған сақтандыру сыныптарын қоспағанда, сақтандырылушының ауруына және денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты оның шығыстарын тіркелген сомада және (немесе) ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 3)-6) тармақшаларында тізбеленген көлік құралдарын сақтандыру көлік құралын иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғалардың мүліктік мүдделеріне айдап әкетуді немесе ұрлауды қоса алғанда, сондай-ақ оның зақымдануы немесе жойылуы салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Жүктерді сақтандыру жүкті, оның ішінде багажды, тауарларды және өнімнің басқа да барлық түрлерін қоса алғанда, иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне тасымалдау әдісіне қарамастан, оның зақымдануы, жойылуы, жоғалып кетуі салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Мүлікті сақтандыру мүлікті иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында тізбеленген мүлікті қоспағанда, оның зақымдануы немесе жойылуы, ұрлануы салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында көзделген көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоса алғанда, үшінші тұлғаларға өзі көлік құралын пайдалануға байланысты келтірген залалды өтеу міндетіне байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында

аталғандарды қоспағанда, барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу міндетіне байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Заемдарды сақтандыру сақтанушының, (заемшының) кредитор алдындағы міндеттемелерін орындамауы салдарынан кредиторға шығын келтірілуі кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Ипотекалық сақтандыру ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша кепілдік мүлік болып табылатын тұрғын үйдің нарықтық құны төмендеген жағдайда заемшының ипотекалық тұрғын үй заемы шарты бойынша міндеттемелерді орындамауы салдарынан кредитордың мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрі болып табылады. Кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру берілген кепілдіктер мен кепілдемелерді орындау міндеті салдарынан кепілдік немесе кепілдеме берген тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 12)-15) тармақшаларында аталған сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде жұмыстан айырылу, кірісті жоғалту, қолайсыз табиғи құбылыстар, үздіксіз, болжанбаған шығыстар, нарықтық құнын жоғалту және басқа да шығындар салдарынан шығын келтірілу кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Сот шығыстарын сақтандыру сақтанушының (сақтандырылушының) соттың істі қарауына байланысты олардың көтерген шығыстары салдарынан шығындануы кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Жоғарыда аталған тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтанушының өзінің ғана тәуекелі және оның пайдасына ғана шешілетін тәуекел сақтандырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру ұйымының қызметі "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензия немесе "жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензия негізінде

сақтандырудың лицензияда көрсетілген тиісті сыныптары шегінде жүзеге асырылады. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті: 1) "өмірді сақтандыру" саласындағы қызметпен біріктіруге; 2) жинақтаушы сақтандыру нысанында жүзеге асыруға болмайды. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған сақтандыру сыныптары шегіндегі тәуекелдерді сақтандыруды қоспағанда, "өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті "жалпы сақтандыру" саласындағы қызметпен, сондай-ақ сақтандырудың міндетті нысанындағы тиісті сыныптарды біріктіре алмайды. Сақтандыру ұйымы, өзінде сақтандырудың тиісті сыныптары көрсетілген және «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда белгіленетін сақтандыру сыныптарын біріктіру жөніндегі шектеулер ескерілген лицензия болған жағдайда, сақтандырудың екі және одан көп сыныптарының белгілері мен мазмұнын ұштастыратын сақтандыру түрін әзірлеуге құқылы.

Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, өзінің сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде қарыз беруге құқылы. Сақтандыру ұйымы аннуитет шарты қолданылатын кезеңде актуарийдің қорытындысы негізінде уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен тұрақты беріліп тұратын сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайтуға құқылы.

Сақтандыру пулын жасау арқылы тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыру кезінде ортақ сақтандыру шарты жетекші сақтандыру ұйымының функциялары мен өкілеттіктерін өзіне қабылдайтын сақтандыру ұйымының талаптары негізінде жасалады. Лицензиясында тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілмеген сақтандыру ұйымының ортақ сақтандыру ісіне қатысуына тыйым салынады.

Азаматтық кодекстің 805 бабына сәйкес сақтандыру келесі нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) міндеттілік дәрежесі бойынша – ерікті және міндетті;
- 2) сақтандыру объектісі бойынша – жеке және мүліктік;
- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша – жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады. Сақтандыру қызметін лицензиялау мақсатында заң актілерінде өзгеше жіктеу көзделуі мүмкін. Әдебиетте олар түрлері ретінде қаралады.



Міндетті сақтандыру – егер сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, талаптары тараптардың келісімімен айқындалатын, заңнамалық актілердің талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Өз өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндетін азаматқа заң актілерімен де, шартпен де жүктеуге болмайды. Міндетті сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Міндетті сақтандыру кезінде сақтанушы, егер сақтандырудың осы түрін реттейтін заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, тараптардың келісімімен айқындалған талаптар бойынша сақтандырушымен шарт жасауға міндетті. Міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалады. Сақтандырудың міндетті түрін реттейтін заңнамалық актілерде тәртібі мен талаптары белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу, егер осы заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, жоғарыда аталған сақтандырушы үшін міндетті болып табылады. Ерікті сақтандыру – тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Заң актілеріне сәйкес пайдасына міндетті сақтандыру жүзеге асырылуы тиіс болған адам, егер оның сақтандырылмағандығы белгілі болса, осы міндет жүктелген тұлғадан оны сот тәртібімен талап етуге құқылы. Егер сақтандыру міндеті жүктелген тұлға оны жүзеге асырмаса немесе сақтандыру шартын заң актілерінде көзделгенмен салыстырғанда сақтандырылғандардың жағдайын нашарлататындай жағдайда жасаған болса, бұл тұлға сақтандыру жағдайы басталған кезде дұрыс сақтандыру кезінде сақтандыру төлемі қандай талаптарда жүзеге асырылатын болса, сақтандырылғандардың алдында сондай талаптарда жауапты болады. Заң актілерімен сақтанушы болу міндеті жүктелген тұлға Азаматтық кодекстің 806-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті, алайда одан жалтаратын сақтандырушыны заң актілерінде көзделген талаптарда сақтандыру шартын жасауға мәжбүр етуді сот тәртібімен талап етуге құқылы. Сақтанушы ретінде оны жүзеге асыруға міндетті тұлғалардың, сондай-ақ сақтандырушы ретінде іс-қимыл жасауға міндетті сақтандыру ұйымының сақтандырудан жалтаруы заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүліктік мүдделерін сақтандыру жеке сақтандыруға жатады.

Жеке сақтандыру шарты бойынша сақтанушының өзі, сондай-ақ шартта аталған басқа (сақтандырылған) адам сақтандырылған болуы мүмкін.

Мүлікті және оған байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады. Мүлікті сақтандыру кезінде мүліктің жоғалуы (жойылуы) тәуекелі, жетіспеуі немесе бүлінуі және Азаматтық кодекстің 115-бабында көзделген өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады. Сақтанушының немесе пайда алушының мүліктерді сақтандыруға мүддесі болмаған жағдайда жасалған мүліктік сақтандыру шарты жарамсыз болады. Азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру кезінде, үшінші бір адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу, сондай-ақ шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу тәуекелін сақтандырады.

Сақтандыру жағдайы туған кезде, соның ішінде сақтандыру шартында белгіленген кезең не олардың қайсысының бұрын туындауына байланысты сақтандыру шартында көзделген өзге оқиға аяқталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы сақтандыру болып табылады. Туындауының ықтималдық және кездейсоқ белгілері бар Сақтандыру жағдайы туған кезде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы емес сақтандыру болып табылады. Аннуитеттік сақтандыру шарты – сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты. Жинақтаушы сақтандыру шарттары тек қана жеке сақтандыру бойынша жасалуы мүмкін. Аннуитеттік сақтандыру шарты жинақтаушы сақтандыру шарттарына жатады.

### 3 дәріс. САҚТАНДЫРУДЫҢ НЫСАНДАРЫ

Сақтандырудың келесі нысандары бар: қос сақтандыру, көптік сақтандыру, топтық сақтандыру, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру. Қазақстан Республикасының аумағында қайта сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі қызмет «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделген тәртіппен лицензиялануға тиіс. Сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру жөніндегі лицензиясыз сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асырады. Сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру жөніндегі лицензия болғанда ғана сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға қабылдауға құқылы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы тек қана "жалпы сақтандыру" саласында сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқылы. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы тек қана "өмірді сақтандыру" саласында сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқылы. Қайта сақтандыруды қайта сақтандыру жөніндегі лицензия негізінде қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы "өмірді сақтандыру" және "жалпы сақтандыру" салаларында сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қайта сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы. Сақтандыру ұйымын құру, оның қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату бөлігіндегі «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның нормалары қайта сақтандыруды қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымдарын құру, олардың қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату талаптарына қолданылады. Өзара сақтандыру қоғамы қайта сақтандыру тәуекелдерін қабылдауға құқылы емес.

Сақтандыру ұйымының басқа мемлекеттің аумағында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сақтандыру трансшекаралық сақтандыру болып табылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзі қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін беруі пруденциялық нормативтерді есептеу тәртібіне қойылатын талаптар ескеріліп жүзеге асырылады. Егер Қазақстан

Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының атынан сақтандыру шартын жасасу жөніндегі делдалдық қызметке жол берілмейді. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының атынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру ұйымдары және аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымымен жасалған тиісті шарты болған жағдайда Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру брокерлері жүзеге асыра алады.

Қос (көпше) сақтандыру – белгілі бір объектіні бірнеше сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарт бойынша сақтандыру. Мүлікті қос сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушының алдында онымен жасалған шарттың шегінде жауапты болады, алайда сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты зияннан аспауы тиіс. Бұл ретте сақтанушы кез келген сақтандырушыдан онымен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты зиянды жаппайтын болса, сақтанушы жетпеген соманы басқа сақтандырушыдан алуға құқылы. Келтірілген зиянды басқа сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған сақтандырушы сақтанушыға шыққан шығындарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті. Жеке өзін қос (көпше) сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы өзінің сақтанушы алдындағы сақтандыру міндеттемелерін, оларды басқа сақтандырушылардың орындағандарына қарамастан, өз бетінше атқарады.

Топтық сақтандыру кезінде бір сақтандыру шартымен бір мезгілде өздері пайда алушы болып табылатын бірнеше сақтанды-

рылған адамдар қамтылады. Топтық сақтандыру адамдардың белгілі бір санаттарын қамтитын жеке де, мүліктік те, дербестендірілген де, иесіздендірілген де болуы мүмкін. Иесіздендірілген сақтандыру кезінде сақтандырылған адамдар тобы сақтандыру шартында бұл оның әрбір сақтандырылған адамға қатысты зардабын және оған тиесілі сақтандыру төлемінің төлеу мөлшерін дараландыру үшін қажетті шамада нақтылануға тиіс. Жұмыс берушілердің өз қызметкерлерін ұжымдық сақтандыруы тек жеке сақтандыру түрінде ғана болуы мүмкін.

Сақтандыру объектісі бірнеше сақтандырушы (ортақ сақтандыру) бірлескен бір шарт бойынша сақтандырылуы мүмкін. Бұл орайда шартта әрбір сақтандырушының келісілген үлестердегі құқықтары мен міндеттерін айқындайтын талаптары болуы тиіс. Егер мұндай шартта әрбір сақтандырушының құқықтары мен міндеттері айқындалмаған болса, олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін сақтанушының (пайда алушының) алдында ортақтасып жауап береді. Ірі немесе аса ірі тәуекелдерді бірлесіп сақтандыру үшін ортақ сақтандырушылар бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жай серіктестіктер (сақтандыру пұлдары) құра алады. Ортақ сақтандырушылар арасында тиісті келісім болған жағдайда, олардың біреуі сақтанушының алдында тек өз үлесімен ғана жауапты болып қала отырып, онымен өзара қатынаста барлық ортақ сақтандырушылардан өкіл болуы мүмкін.

Сақтандырушы сақтанушы алдындағы өз міндеттерінің бәрін немесе оның бір бөлігін орындау тәуекелін жабуды басқа сақтандырушыда (қайта сақтандырушыда) қайта сақтандыру жолымен қамтамасыз етуге құқылы. Қайта сақтандырушымен қайта сақтандыру (қайта сақтанушы) шартын жасасқан сақтандырушы онымен жасаған сақтандыру шартына сәйкес сақтанушының алдында толық көлемде жауапты болып қалады. Қайта сақтандыру талаптары Қазақстан Республикасының заң актілерімен және қайта сақтанушы мен қайта сақтандырушы арасындағы қайта сақтандыру шартымен айқындалады. Қайта сақтандыру шарты осы Кодекстің сақтандыру шартына қойылатын талаптарына жауап беруге тиіс. Бұл жағдайда сақтандырушы сақтандырудың негізгі шарты бойынша қайта сақтандыру шартында сақтанушы болып есептеледі. Қайта сақтандыруды ұйымдастыру үшін қайта сақтандырушылар бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде жай серіктестікке (қайта сақтандыру пұлдары) біріге алады. Екі немесе бірнеше қайта сақтандыру шарттарын біртіндеп жасауға жол беріледі.

Азаматтар мен заңды тұлғалар қажетті қаражатты өзара сақтандыру қоғамдарына біріктіру жолымен өзара негізде Азаматтық кодекстің 807-бабының 1-тармағында аталған өзінің мүлдіктік мүдделерін сақтандыра алады. Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүлдіктік мүдделерін сақтандыруды жүзеге асырады және коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Өзара сақтандыруды жүзеге асырудың, өзара сақтандыру қоғамдарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері мен олардың қызметінің шарттары осы Кодекске және өзара сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес айқындалады. Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүлдіктік мүдделерін сақтандыруды мүшелік және сақтандыру шарттары негізінде жүзеге асырады. Өзара сақтандыру жолымен міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға өзара сақтандыру туралы заң актілерінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

#### 4 дәріс. САҚТАНДЫРУ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСЫ

Сақтандыру құқықтық қатынасы дегеніміз сақтандыру құқықтың нормаларымен реттеуген қоғамдық қатынас. Сақтандыру құқықтық қатынастың құрамында келесі элементтер көзделеді: сақтандыру құқықтық қатынастың объектісі, сақтандыру құқықтық қатынастың субъектілері және оның мазмұны. Сонымен қатар заң әдебиетінде сақтандырудың да элементтерін дербес қарайды: сақтандырудың объектісі, сақтандырудың пәні, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы, сақтандыру құны, сақтандыру сыйақысы, сақтандыру төлемі, сақтандыру соммасы.

Азаматтардың және заңды тұлғалардың, соның ішінде:

1) азаматтардың белгілі бір жасқа дейін немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімге дейін өмір сүруіне, өліміне, азаматтардың өмірінде белгілі бір оқиғалардың басталуына;

2) жазатайым жағдайлардың және өзге де оқиғалардың, аурулардың салдарынан азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне;

3) мүлікті иеленуіне, пайдалануына және оған билік етуіне;

4) басқа тұлғаларға, соның ішінде шартты (міндеттемелерді) бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты кез келген мүліктік мүдделері мүліктік және жеке сақтандыру объектілері бола алады. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру объектісі заң актілерімен айқындалады. Сақтанушының құқыққа қайшы мүліктік мүдделері сақтандыруға жатпайды. АҚ 807-баптың 2-тармағында көзделген мүліктік мүдделер объектісі болатын сақтандыру шарттары жарамсыз болып табылады.

Сақтандыру жағдайы – басталған бойда сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру жағдайының түрлері міндетті сақтандыру туралы заң актілерімен, ал өз еркімен сақтандыру бойынша – тараптардың келісімімен белгіленеді. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға, оның басталуының ықтимал және кездейсоқ белгілеріне ие болуы тиіс. Сақтандыру жағдайының басталғандығын, сондай-ақ ол келтірген зияндарды дәлелдеу сақтанушының міндетіне жатады.

Сақтандыру сыйлықақысы – сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде олар заңнамалық актілермен белгіленеді. Сақтандыру сыйлық ақыларын төлеудің тәртібі мен мерзімдері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша олар заңдармен белгіленуі мүмкін. Тараптар сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін айқындау кезінде, сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасы өлшемінен өндірілетін сақтандыру сыйлықақысының ставкасын белгілейтін сақтандырушы әзірлеген сақтандыру тарифін қолдана алады. Шартта сақтандыру сыйлықақысын мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төлеу көзделуі мүмкін. Егер сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу көзделген болса, шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, шартта кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген уақытта төлеудің зардабы айқындалуы мүмкін. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын төлеуден бұрын басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектілері сақтандырылған адам және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру сомасының мөлшері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде олар заң актілерінде белгіленген мөлшерден кем болмауы керек. Мүлікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы шарт жасалған кездегі оның нақты құнынан (сақтандыру құнынан) артық бола алмайды. Тараптар, оны сақтанушы қасақана жаңылыстырғанын сақтандырушы дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шартында белгіленген мүлік құнына талас тудыра алмайды. Егер сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан



артық болса, онда ол сақтандыру сомасының шарт жасалған кезіндегі сақтандыру құнынан артылған бөлігінде жарамсыз болып табылады. Сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы туған кезде не жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім туған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау тәртібі шартта белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері шартпен белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша олар заң актілерімен белгіленуі мүмкін. Мүлікті және азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушыға (сақтандырылған адамға) келтірілген нақты зиянның мөлшерінен аспауы керек. Жеке сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі сақтанушыға (сақтандырылған адамға) әлеуметтік қамсыздандыру бойынша, сақтандырудың басқа шарттары бойынша оған тиесілі сомаларға қарамастан және зиянның орнын толтыру тәртібімен жүзеге асырылады. Мүліктік сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру өтемінің сомасы шегінде сақтандыру өтемін зиянның заттай нысандағы өтемімен ауыстыру көзделуі мүмкін. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы өзіне сақтанушыдан тиесілі болатын сақтандыру сыйлық ақыларына не сақтандыру жарналарына есеп жүргізуге құқылы. Егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде жауаптылықтың бұдан жоғары мөлшері көзделмесе, сақтандыру төлемін уақытында жүзеге асырмағаны үшін сақтандырушы Азаматтық кодекстің 353-бабына сәйкес жауап береді.

Сақтандыру құқықтық қатынасына субъектілері ретінде жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және мемлекет қатыса алады. Негізгі субъектілері: сақтандырушы (сақтандыру ұйымы) және сақтанушы.

Сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Заңды тұлғалар мен азаматтар сақтанушылар бола алады. Сақтанушы сақтандырудың ерікті де, міндетті де нысандары бойынша сақтандырушыны таңдап алуға ерікті.

Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы пайда болған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған соманың (сақтандыру сомасының) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті тұлға. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес өзара сақтандыру қоғамы ғана сақтандырушы бола алады.

Сақтандыру қатынастарында үшінші тұлғалар ретінде сақтандырылған тұлғаның немесе пайдаалушының қатысуы қарастырылуы мүмкін.

Сақтандырылған адам – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады. Заңнамалық актілермен сақтанушыға үшінші тұлғаны сақтандыруды жүзеге асыру міндеті жүктелуі мүмкін. Өз еркімен сақтандыру кезінде сақтанушы үшінші тұлғаны сақтандыру шартында сақтандырылған адам ретінде айқындай алады. Бұл жағдайларда сақтандырылған адамның жеке басы және соған байланысты оның мүдделері (сақтандырылған адамды жеке сақтандыру) не сақтандырылған адамның мүлкі және мүліктік мүдделері (сақтандырылған адамның мүліктік сақтандырылуы) сақтандыру объектісі болады. Мүлікті сақтандыру кезінде сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам бұл мүліктің сақталуына мүдделі болуға тиіс. Егер шарттың талаптары бойынша сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адамға белгілі бір міндеттер жүктелген болса, сақтанушы осы шартты жасасуға сақтандырылған адамның келісімін алуы тиіс. Міндетті сақтандыру кезінде, сондай-ақ топтастырылып иесіздендірілген сақтандыру кезінде, шарт жасасу үшін оның өзі сақтандырылған адам ретінде көрінетін үшінші адамның келісімі талап етілмейді. Өз еркімен сақтандыру кезінде адамдардың оның жеке басын немесе мүлкін сақтандыру жөніндегі қарсылығы шарт жасасудың мүмкін еместігіне, ал егер ол жасалып қойған болса – шарттың бұзылуына әкеп соғады. Сақтанушыға үшінші тұлғаны сақтандыру міндеті жүктелген жағдайда, аталған тұлға сақтанушыдан бұл міндеттің орындалуы туралы есеп талап етуге, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда

– оның сақтандырылған адам болып табылатындығын дәлелдейтін құжатты алуға құқылы. Сақтанушы үшінші адамды сақтандыру жөніндегі өз міндетін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда, соңғысы Азаматтық кодекстің 808-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген шараларды қолдануға құқылы. Кәмелетке толмаған азамат сақтандырылған болып табылатын жағдайда оның құқықтары Азаматтық кодекстің 22-24-баптарында көзделген тәртіппен іске асырылады. Сақтандырылған адамның пайдасына шарт жасасу, сақтанушыны осы шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды. Үшінші адамды сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Сақтандырылған адам шартқа сәйкес өзіне тиесілі сақтандыру төлемін алудан бас тартқан жағдайда сақтандыру төлемін алу құқығы сақтанушыға көшеді. Сақтанушы болып табылмайтын, оған қатысты мұндай жағдайды көздемейтін жеке басты сақтандыру шарты жасалған сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта сақтандырылған адамды ауыстыру көзделмесе, бұл шарт тоқтатылуға жатады. Егер сақтандырылған адамның қайтыс болуы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы болса, бұл шарт онда көзделген талаптармен орындалады. Сақтанушы болып табылмайтын, оған қатысты мүлдік сақтандыру шарты жасалған сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, сақтандырылған адамның құқықтары мен міндеттері сақтанушының келісуімен, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сол мүлдіктің және сақтандырылған адамның мүлдік құқықтарының мұрагерлеріне ауысады. Егер сақтанушы қайтыс болған сақтандырылған адамды ауыстыруға келіспесе не мұрагерлер оның сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қабылдауға келіспесе, бұл шарт тоқтатылуға жатады. Үшінші адамның (сақтандырылған адамның) пайдасына жасалған сақтандыру шартына Азаматтық кодекстің 391-бабының осы бап ережелеріне қайшы келмейтін бөлігіндегі ережелері қолданылады.

Пайда алушы – сақтандыру шартына немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Заңды тұлға да, азамат та пайда алушы бола алады. Пайда алушы жеке де, мүлдік те сақтандыру бойынша тағайындала алады. Сақтандырудың міндетті түрі

бойынша пайда алушы сақтандырудың осы түрін реттейтін заң актілерімен айқындалады, ерікті түрі бойынша оны сақтанушы тағайындайды. Егер міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде немесе өз еркімен сақтандыру туралы шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы пайда алушы болып табылады. Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, пайда алушы сақтандырылған адам болуы тиіс не ол сақтандырылған адамның жазбаша келісімі бойынша тағайындалады. Егер пайда алушы сақтандыру шартында көрсетілмесе, ол сақтандырылған адам деп ұйғарылады. Сақтандырылған адам бір мезгілде пайда алушы болып табылатын жағдайда соңғысына Азаматтық кодекстің 815-бабында көзделген ережелер қолданылады. Сақтандырылған адам болып саналмайтын пайда алушы қайтыс болған жағдайда не ол пайда алушының құқықтарынан бас тартса, соңғысының құқығы сақтанушыға ауысады. Сақтандырылған болып табылатын пайда алушы қайтыс болған жағдайда Азаматтық кодекстің 815-бабының 8-тармағында көзделген зардап туындайды. Егер сақтандырылған адамның қайтыс болуы, сақтандыру шартында көзделген жағдай болып табылса, онда бұл сақтандырылған адам сақтанушы болмаған күнде де, болған күнде де, бірақ шартта пайда алушы көрсетілмесе, сақтандырылған адамның мұрагерлері пайда алушылар деп танылады. Сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушы тікелей сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға құқылы. Пайда алушының пайдасына шарт жасасу сақтанушыны осы шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

Шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, оның ішінде өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратындар сақтандыру арқылы қорғалу құқығын Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей пайдаланады.

Заңды тұлғаның немесе оның оқшауланған бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүліктік мүдделерін және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыруды тек қана сақтандыру ұйымы – Қазақстан Республикасының резиденті жүзеге асыра алады. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымдарымен, жұмыс істеу, оқу, емделу немесе

демалу мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде уақытша болатын жеке тұлғалармен – Қазақстан Республикасының резиденттерімен Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде уақытша болу кезеңіне ғана сақтандыру шарттарын жасасуға жол беріледі. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жеке және заңды тұлғалардан – Қазақстан Республикасының резиденттерінен Қазақстан Республикасының резиденті еместері пайдасына сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) төлеуге байланысты төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

## 5 дәріс. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасы сақтандыру рыногының қатысушылары:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;
- 2) сақтандыру брокері;
- 3) сақтандыру агенті;
- 4) сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;
- 5) актуарий;
- 6) сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

Сақтандыру қызметі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі болып табылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметінен басқа қызметтің мынадай түрлерін:

- 1) инвестициялық қызметті;
- 2) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын (сақтандыру ұйымы үшін);
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды;
- 4) ақпарат берілімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды;
- 5) бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты келіп түскен (сақтандыру ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беруді;
- 6) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді;
- 7) сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді;
- 8) сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалы болуды;
- 9) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 52-бабының 1-тармағында аталған қызметті;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті ("өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін);

11) сақтандыру ұйымдары арасындағы не сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін көрсететін өзге де заңды тұлғалар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде жүзеге асырылатын ассистансты;

12) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кәсіпкерлік қызмет ретінде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделмеген мәмілелерді жүзеге асыруы мен операцияларды жүргізуіне тыйым салынады. Сақтандыру ұйымдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қор құруға құқылы. Қордың құрылу тәртібі мен қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі. Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушылардың (сақтандырушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға сақтандыру ұйымдарының міндетті қатысуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделуі мүмкін.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талаптарын айқындайтын сақтандыру ережелері және ішкі ережелер болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы. Өзара сақтандыру қоғамы Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда сақтандыру қызметін лицензиясыз жүзеге асыруға құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі ережелері:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;

2) ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелерінің санын, міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, рыноктық және басқа да тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын ашып көрсететін тәуекелдерді басқару жүйесін;

4) құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кезде солардың өкілеттіктерін;

6) сақтанушылардың (сақтандырылушылардың), жәбірленушілердің (пайда алушылардың) және олардың өкілдерінің жазбаша және ауызша өтініштерін, сондай-ақ сақтандыру жағдайлары мәселелері бойынша келіп түсіп жатқан өтініштер мен құжаттарды тіркеу тәртібін;

7) сақтандыру жағдайларының мәселелері жөніндегі өтініштер мен құжаттар бойынша оларды қарау және сақтанушыларға (сақтандырылушыларға), жәбірленушілерге (пайда алушыларға) жауап беру тәртібін;

8) сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау рәсімін айқындауға тиіс.

Сақтандыру ережелерін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі ережелерін директорлар кеңесі бекітеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз штатында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес. Актуарий өз қызметін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында қоса атқаруға құқылы емес.

Жеке және заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда және уәкілетті мемлекеттік органның өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген талаптарды ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының құрылтайшылары және акционерлері бола алады. Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы ғана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшысы және акционері бола алады. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық холдингті және ұлттық басқарушы компанияны қоспағанда, жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе орналастырылған акцияларының елу процентінен астамы мемлекетке тиесілі



ұйымдар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының құрылтайшылары және акционерлері бола алмайды. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушылары (құрылтайшылары, акционерлері) болып табылатын жеке тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының – Қазақстан Республикасының резидентінің тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды. Аталған шектеу оффшорлық аймақтарда тіркелген тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің "А" рейтингінен төмен емес халықаралық кредиттік рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды. Оффшорлық деп танылған аймақтардың тізбесі сақтандыру қызметіне қадағалауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық ұйым болып табылады және өз қызметін «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Өзара сақтандыру қоғамы тұтыну кооперативінің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз қызметін "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құқықтық мәртебесі заңды тұлғаның әділет органдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде мемлекеттік тіркелуімен және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясының болуымен айқындалады. Өзара сақтандыру жөніндегі қызметті уәкілетті орган беретін лицензия негізінде жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының құқықтық мәртебесі «Сақтандыру қызметі туралы» Заңмен және "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады. Өзара сақтандыру жөніндегі қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының құқықтық мәртебесі "Өзара сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз

жарғысында жазылған атауды өз атауы ретінде пайдаланады. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының толық атауында міндетті түрде "сақтандыру" деген сөз немесе содан туындаған сөз болуға тиіс. "Өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының толық атауында міндетті түрде "өмірді сақтандыру" деген сөздер немесе содан туындаған сөздер болуға тиіс. Тек қана қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымының толық атауында міндетті түрде "қайта сақтандыру" деген сөздер немесе содан туындаған сөз болуға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз атауында "ұлттық", "орталық", "бюджеттік", "республикалық" деген сөздерді пайдалануына тыйым салынады. Атау ретінде бұрынғы құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атауындағы белгілермен бірдей немесе онымен араластыру дәрежесіне дейін соған ұқсас сөздерді белгі атауы ретінде пайдалануға жол берілмейді. Мұндай тыйым салу, еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары негізгі ұйымның атауын пайдаланған жағдайда қолданылмайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті түрде мынадай алқалық органдар құрады:

- 1) директорлар кеңесі – басқару органы;
- 2) басқарма – атқарушы орган;
- 3) ішкі аудит қызметі – бақылау органы.

Қазақстан Республикасының заңдарында акционерлік қоғамның тек қана директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерге қосымша, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі аудиторлық ұйымның аудиторлық есебінің, ішкі аудит қызметінің немесе актуарийдің негізінде белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі жөніндегі заң талаптарының бұзылуына байланысты мәселелерді қарауға құзыретті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу үшін уәкілетті мемлекеттік органға мынадай құжаттар табыс етіледі:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алуға өтініш;

2) нотариат куәландырған және заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген құрылтай құжаттарының (жарғы, құрылтай шарты) үш данасы;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру туралы шешім қабылданғанын дәлелдейтін құжаттар;

4) құрылтайшылар – заңды тұлғалар туралы мәліметтер (ондай құрылтайшылар болған жағдайда), оған заңды тұлға ретінде олардың мемлекеттік тіркеуден өткені туралы нотариат куәландырған куәліктің көшірмесі; нотариат куәландырған құрылтай құжаттарының көшірмесі; аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептілігі, құжаттар табыс ету алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы бухгалтерлік баланс және кірістер мен шығыстар туралы есеп қамтылады;

5) құрылтайшылар – жеке тұлғалар (мұндай құрылтайшылар болған кезде) туралы мәліметтер, соның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру үшін пайдаланылған ақша көздерінің сипаттамасы мен сомасы, сондай-ақ экономикалық қызмет саласында жасаған қылмысы, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмысы үшін белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандығы жоқтығы туралы анықтама;

б) актуарий растаған және "жалпы сақтандыру" саласында құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін таяу үш жылға және "өмірді сақтандыру" саласында құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бес жылға арналып әзірленген бизнес-жоспар. Бизнес-жоспарда мынадай мәселелер: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құрудың мақсаттары, негізгі қызмет бағыттарының қысқаша сипаттамасы және құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бағдарланатын нарық сегменті, құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы және нарықтағы үлесі туралы ақпарат, өнімдер мен көрсетілетін қызмет түрлері, оларды сату тәсілдері, маркетингтік зерттеулер, сақтандыру андеррайтингі, баға стратегиясы, соның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібі және олардың экономикалық негіздемесі, өнімдерді жылжыту стратегиясы, сақтандыру өнімдерін бөлу, қаржы жоспары, соның ішінде шығындылық коэффициенттерінің болжамы, құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүргізуге ниет етіп

отырған инвестициялық саясат пен қайта сақтандыру саясаты, құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ұйымдық құрылымы, директорлар кеңесі, мамандардың болжамды білім деңгейі көрсетілуге тиіс;

7) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 34-бабының талаптарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлері лауазымдарына ұсынылатын адамдардың, соның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының кемінде үш мүшесінің құжаттары;

8) өтініш берушінің құрылтайшылар атынан өтініш беру өкілеттігін растайтын нотариат куәландырған құжат.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесіне сәйкес келетін мөлшерде сатып алу ниеті бар тұлға «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда тізбектеліп көрсетілген құжаттардан басқа, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 26-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтерді табыс етеді. Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшысы өз мемлекетінің тиісті сақтандыруды қадағалау органының өзіне Қазақстан Республикасы резидентінің – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға рұқсат етілгенін растайтын құжатты не тиісті мемлекеттің заңдары бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы мәлімдемені табыс етуге міндетті. Қазақстан Республикасының резиденті емес құрылтайшының шетелдің мемлекеттік органы берген құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен заңдастырылуға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру тәртібі мен шарттары, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда аталған құжаттардың мазмұнына, соның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібі мен олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берілген рұқсаттың, ол берілген күннен бастап, алты ай бойына заңды күші болады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берілген рұқсатты уәкілетті мемлекеттік орган «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделген

негіздер бойынша мерзімінен бұрын кері қайтарып алуы мүмкін. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берілген рұқсатты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берілген кезде уәкілетті мемлекеттік органға қайтаруға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру туралы өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган өтініш беруші «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган сұратқан соңғы құжатты табыс еткен күннен бастап үш ай ішінде қарауға тиіс.

Уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берушіге қабылданған шешім туралы оның өзі көрсеткен жеріне (тұрғылықты жеріне) жазбаша хабарлайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беруден:

1) табыс етілген құжаттардың «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 27-бабының 1-3-тармақтарында аталған талаптарға сәйкес болмауы;

2) құрылтайшының акцияларға төлем жасау үшін өз қаражатының жеткіліксіз болуы;

3) уәкілетті мемлекеттік органға құрылатын ұйым мен оның құрылтайшыларына қатысты жалған ақпарат берілуі;

4) құрылтайшының аяқталған соңғы екі қаржы жылындағы залал шеккен қызметі;

5) құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидаттардың «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 34-бабы 3-тармағының талаптарына сай келмеуі;

6) уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға рұқсат беруден «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 26-1-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша бас тартуы;

7) құрылтайшылар – жеке тұлғаларда экономикалық қызмет саласында жасаған қылмысы, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмысы үшін белгіленген заң тәртібімен өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандығы болуы негіздері бойынша бас тартылуы мүмкін.

Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берілген рұқсатты:

1) оның жалған мәліметтер негізінде берілгені анықталған;  
2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейінгі кезеңде сақтандыру ісін және сақтандыру ісіне байланысты қызметті жүзеге асырған;

3) уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берген рұқсаттың мерзімі өтіп кетіп, сол мерзім ішінде ол әділет органдарында тіркелмеген немесе сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті мемлекеттік органға өтініш бермеген жағдайларда кері қайтарып алуға құқылы. Әділет органдары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік органның оны құруға берген рұқсаты және оның құрылтай құжаттарының уәкілетті мемлекеттік органмен келісілгенін растайтын деректер болған жағдайда жүзеге асырады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшылары оны құруға уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын алған күннен бастап екі айдан кешіктірмей әділет органына оны мемлекеттік тіркеу үшін өтініш жасауға міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткізілгенге дейін уәкілетті мемлекеттік органмен міндетті түрде келісілуге не әділет органдарына хабарлануға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала келісу тәртібі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның келісімінсіз, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесі шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерде де өзінің оқшауланған бөлімшелерін – филиалдарын және өкілдіктерін ашуға құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің филиалының немесе өкілдігінің әділет органдарында есептік тіркелген күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының және өкілдігінің есептік тіркелу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;

2) тіркеген әділет органының белгісі мен мөрі қойылған филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін;

3) филиалдың немесе өкілдіктің бірінші басшысына берілген сенімхаттың нотариат куәландырған көшірмесін қоса тіркей отырып, олардың ашылғаны жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылмайтын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы орналасқан жерден тыс орналасқан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан сақтандыру қызметін жүзеге асыратын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы берген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін оқшауланған бөлімшесі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен бірыңғай балансы, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауымен толық сәйкес келетін атауы болады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылмайтын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы орналасқан жерден тыс орналасқан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін және сақтандыру қызметін жүзеге асырмайтын оқшауланған бөлімшесі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарын ашудың міндетті шарттары:

1) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарын қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аяқталған соңғы қаржы жылының қорытындылары бойынша залал шекпеген қызметі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалды әділет органдарында есептік тіркеген күннің алдындағы үш ай ішінде пруденциялық нормативтерді (активтерді әртараптандыру нормативін қоспағанда) сақтауы;

3) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру түріндегі қолданыстағы

санкцияның болмауы, сондай-ақ филиалды әділет органдарында есептік тіркеген күннің алдындағы үш ай ішінде уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiнiң 173-бабының бiрiншi бөлiгiнде (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уәкілетті органға есептілікті не өзге де сұралатын ақпаратты ұсынуы мәселелері бойынша), бесінші, сегізінші, оныншы, он бірінші бөліктерінде, 174 және 175-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану түріндегі санкцияларды қолданбауы болып табылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын және олардың бас бухгалтерлерін қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқармасының бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және сақтандыру қызметін және (немесе) инвестициялық қызметті жүргізуге негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге басшылары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлері болып танылады. Бірінші басшы және оның орынбасарлары, бас бухгалтер сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлері болып танылады. Мыналар:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) қаржылық қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда белгіленген жұмыс стажы жоқ;
- 3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;
- 4) уәкілетті органның қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқармасының бірінші басшысы немесе оның орынбасары, бас бухгалтері болған адам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының



және сақтандыру брокерінің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап уәкілетті органның қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі қабылданғаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;

5) өзге қаржылық ұйымда басшы қызметкер лауазымында болған кезеңінде оны басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім кері қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай бойы қолданылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының бірінші басшысы лауазымына тағайындала (сайлана) алмайды. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуға тиіс. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңдағы талаптарға сәйкес келуі үшін:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, басқармасының бірінші басшысы, бас бухгалтері және сақтандыру брокерінің бірінші басшысы лауазымдарына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында кемінде үш жыл;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының мүшелері, сақтандыру брокерінің бас бухгалтері және бірінші басшысының орынбасары лауазымдарына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында кемінде екі жыл;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және сақтандыру және (немесе) инвестициялық қызметті жүргізуге негіз болатын құжаттарға қол қою құқығы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге басшылары лауазымдарына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және

(немесе) оны реттеу саласында кемінде бір жыл жұмыс стажы болуы қажет. Директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері лауазымдарына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында жұмыс стажының болуы талап етілмейді. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда айқындалған жұмыс стажына қаржылық ұйым бөлімшелеріндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты жұмыс кірмейді. Басшы қызметкер тағайындалған (сайланған) күннен бастап өз қызметін уәкілетті органмен келіспей күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзім ішінде атқаруға құқылы. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көрсетілген мерзім өткеннен кейін және құжаттар уәкілетті органға келісуге табыс етілмеген жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері осы адаммен жеке еңбек шартын бұзуға міндетті. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру үшін табыс етілген құжаттарды олар табыс етілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісім беру тәртібі, келісім алуға қажетті құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартқан не ол сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымынан босатылған немесе оны осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы, осы сақтандыру брокеріндегі өзге лауазымға ауыстырған жағдайда бұл адам оны тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартылғаннан не ол лауазымнан босатылғаннан не өзге лауазымға ауыстырылғаннан кейін кемінде күнтізбелік тоқсан күн өткен соң, бірақ қатарынан он екі ай ішінде екі реттен артық емес, осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымына қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден қатарынан екі рет бас

тартқан жағдайда, бұл адам өзін уәкілетті органның осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, осы сақтандыру брокерінде тағайындауға (сайлауға) келісім беруден екінші рет бас тарту туралы шешімі қабылданған күннен бастап қатарынан он екі ай өткеннен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері болып тағайындалуы (сайлануы) мүмкін. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісімін:

1) келісім беруге негіз болған жалған мәліметтер анықталған;

2) басшы қызметкерге уәкілетті органның санкцияларды жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай ішінде үш және одан да астам рет) қолдануы;

3) аталған тұлғаларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келмейді деп тану үшін жеткілікті деректер негізінде қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету негіздері бойынша кері қайтарып алуға құқылы.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері осы адаммен жеке еңбек шартын бұзуға міндетті. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасарлары және бас бухгалтер болып табылатын басшы қызметкерлермен жеке еңбек шартын бұзуға міндетті. Сақтандыру брокерінің ұйымдық-құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік не акционерлік қоғам болып табылады. Сақтандыру брокерінің атауы "сақтандыру брокері" деген сөздерден немесе осы сөздерден туындайтын сөздерден құралуға тиіс. Сақтандыру брокеріне өз атауында "ұлттық", "орталық", "бюджеттік", "республикалық" деген сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

Бұрын құрылған сақтандыру брокерлерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерлерінің атауларымен аралас дәрежеге дейінгі бірегей немесе ұқсас белгілерді атауы ретінде пайдалануға жол берілмейді. Осы тыйым салу еншілес сақтандыру брокері өзінің бас ұйымының атауын пайдаланған жағдайда қолданылмайды. Сақтандыру брокерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жүргізіледі

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе оның қызметкерлерінің сақтандыру брокерін құруына немесе оның қызметіне қатысуына тыйым салынады. Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары мен қызметкерлеріне бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қызмет атқаруға болмайды.

Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары, қатысушылары не акционерлері сатып алынатын қатысу үлестерін не акцияларды ұлттық валютадағы ақшамен ғана төлеуге міндетті.

Құрылатын сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін толық төлеуге тиіс. Жарғылық капиталдың ең аз мөлшеріне және сақтандыру брокері қызметінің өзге де шарттарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Сақтандыру брокерінің қызметі ерекше қызмет түрі болып табылады және уәкілетті органның лицензиялауына жатады. Сақтандыру брокерінің сақтандыру агенті қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ. Сақтандыру брокері мынадай брокерлік қызмет түрлерін:

1) өз атынан және сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын немесе өз атынан және цеденттің тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) мәселелері бойынша консультация беру қызметін;

3) сақтандыруға (қайта сақтандыруға) жеке және заңды тұлғаларды іздеу мен тартуды;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары көрсететін қызметтерге және қаржылық жағдайына салыстырма талдау жасауды;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары көрсететін қызметтерге салыстырма талдау жасау мақсатында сақтандыру объектілері туралы ақпарат жинауды;

6) клиенттердің тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын, сақтандырушыларды (қайта сақтандырушыларды) таңдау өлшемдерін әзірлеу, сақтандыру тәуекелдерін анықтау жөніндегі сараптамалық қызметтер көрсетуді;

7) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасуға қажетті құжаттарды дайындау және (немесе) ресімдеуді, сақтандыру мәселелері бойынша ақпарат жинауды;

8) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын ресімдеуді;

9) сақтанушымен (цедентпен) тиісті келісім болғанда, оларды кейіннен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына аудару үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтанушылардан (цеденттерден) сақтандыру сыйлықақыларын жинауды;

10) клиенттердің тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) немесе ортақ сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тәуекелдерін орналастыруды;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, сақтандыру жағдайы басталғанда шағымдарды қарау кезіндегі құжаттардың, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға байланысты басқа да құжаттардың дұрыс және уақтылы ресімделуін қамтамасыз етуді;

12) консультация өткізуді және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (цеденттің), пайда алушының сақтандыру төлемін алуына жәрдемдесуді;

13) берілген өкілеттіктерге сәйкес сақтандыру төлемін алуға қажетті құжаттарды ресімдеуді;

14) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан сақтандыру төлемдерін оларды кейіннен сақтанушыға (цедентке), пайда алушыға беру үшін жинауды;

15) мүдделі тұлғалардың тапсырмасы бойынша сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығынды қарау және реттеу жөніндегі құжаттар дайындауды;

16) залалды бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау жөніндегі сарапшылар қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Сақтандыру брокері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының тарапы болып табылмайды. Сақтандыру брокерінің негізгі құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі сақтандыру брокері қызметін жүзеге асырудың ішкі ережелерінде айқындалуға тиіс.

Сақтандыру агентінің сақтандыру рыногында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттігі сақтандыру ұйымының тиісті құжаттарымен белгіленеді. Сақтандыру агентінің өкілеттігі болмаған жағдайда оның сақтандыру агенті ретіндегі қызметіне жол берілмейді. Сақтандыру ұйымы, өзінің атынан сақтандыру агенті сақтандыру ұйымынан алған өкілеттік шегінде жасаған сақтандыру шарты бойынша қабылдаған міндеттемелерді сақтандыру ұйымының өзі тікелей қабылдаған міндеттемелер ретінде орындайды. Сақтандыру агенті сақтауға міндетті талаптар, оның ішінде сақтандыру құжаттамасы бланкілерінің есебін жүргізу мен сақтау, қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу мәселелері жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары ескеріле отырып, сақтандыру ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді. Сақтандыру ұйымы сақтандыру делдалдығы операцияларын жүргізуге өзі уәкілдік берген сақтандыру агенттерінің тізілімін жүргізіп отыруға міндетті. Жеке тұлғаның заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса, ол сақтандыру агенті бола алмайды. Сақтандыру агенті өз қызметінде:

1) сақтанушыға агенттік келісімді немесе сақтандыру ұйымының атынан және оның тапсырмасы бойынша өзінің сақтандыру шартын жасасуға құқығын куәландыратын өзге де құжатты көрсетуге;

2) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына сақтандыру ұйымы (сақтандыру ұйымдары) лицензиясының көшірмесін қоса алғанда, өзі соның (солардың) сақтандыру агенті болып табылатын сақтандыру ұйымы (барлық сақтандыру ұйымдары) туралы ақпарат беруге;

3) сақтанушының талап етуі бойынша жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру талаптарымен таныстыруға міндетті.

Актуарийлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензиясы бар жеке адам актуарий болуға құқылы. Актуарийлік қызмет «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ актуарийлік қызметті жүзеге асырудың халықаралық принциптері (стандарттары) ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс. Актуарийлік есептеулер мынадай негіздер бойынша:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша – бастамашылық актуарийлік есептеулер;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда – міндетті актуарийлік есептеулер жүргізіледі.

Актуарийлік есептеулер жүргізу кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті актуарийлік есептеулер мен қорытындыларды жасау және дайындау үшін қажетті, актуарий талап еткен қолда бар құжаттар мен мәліметтердің бәрін беруге міндетті. Актуарий өзі жасаған актуарийлік есептеулер мен қорытындылардың дұрыстығы мен дәлдігіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауап береді. Актуарий, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтамағандығы туралы өзі анықтаған фактілерді уәкілетті мемлекеттік органға дереу хабарлауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқықтық өкілеттігі бар аудиторлық ұйым жүргізеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз қызметінің аудитін қатарынан жеті жылдан астам бір аудиторлық ұйымда не қатарынан бес жылдан астам аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторда жүргізуге құқылы емес. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық есептілігі мен басқа да ақпаратын тексеру туралы аудиторлық есеп коммерциялық құпия болып табылмайды. Басқа да ақпараттың аудиті бухгалтерлік есепте сақтандыру резервтерін көрсетудің дұрыстығын, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 46-бабында

көрсетілген пруденциялық нормативтер мен өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттердің орындалуын, мәмілелер жасауға шектеулердің сақталуын тексеруді қамтиды. Ілеспе қызметтер жүргізуге арналған шарт уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Аудиторлық ұйым, жүргізілген аудит туралы аудиторлық есептің көшірмесін, уәкілетті мемлекеттік органға оның жазбаша сұратуы бойынша беруге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндетті аудитін жүргізу кезінде аудиторлық ұйым өзіне белгілі болған:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына әкеп соқтырған;

2) пруденциялық нормативтерді және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзуға әкеп соқтырған;

3) қаржылық есептіліктің кейбір немесе барлық баптарын және басқа да ақпараттарды растаудан бас тартуға не оларды ескертпе жасай отырып растауға, сондай-ақ кері пікір білдіруге әкеп соқтырған шешімдер туралы уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз құрылымында ішкі аудит қызметі (аудиторы) болуы міндетті, оның қызметі лицензиялауға жатпайды. Ішкі аудит жүргізу тәртібі, уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптары ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті ішкі құжаттарында белгіленеді. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар заңды тұлғалар үшін міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы аудиторлық есепті алғаннан кейін он күн ішінде оның көшірмесін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар басқа заңды тұлғаларға табыс етуге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін аудиторлық ұйым растауға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру)



ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар заңды тұлға аудиторлық есепте көрсетілген, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайына әсер ететін бұзушылықтарды аталған тұлғалар аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар жойылғанға дейін:

➢ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лицензиясының қолданылуын «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 54-бабының 1-тармағы 8-1) тармақшасының негізінде тоқтата тұруға;

➢ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) ірі қатысушыға қатысты «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 53-1-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Бұзушылықтар осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде жойылмаған жағдайда, уәкілетті орган:

– сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 55-бабының 1-тармағы 1) тармақшасының негізінде лицензиясынан айыруға кері қайтарып алуға;

– сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) ірі қатысушыға қатысты «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 53-1-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамаған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтамаған;

3) сақтандыру сыйлықақысының негізделмеген мөлшерін қолданудан, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан негізсіз бас тартудан, сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаудан, сақтандырудың міндетті түрлерін жүргізудің талаптары мен тәртібінен туындайтын міндеттерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан көрінетін сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін бұзу фактісі анықталған;

4) қатарынан екі ай бойы уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген есепті табыс етпеген;

5) сақтандыру қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін тексеруге байланысты уәкілетті мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде талап еткен құжаттар мен ақпаратты беруден бас тартқан;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, басшы қызметкерлерін, сақтандыру брокерін келісуге байланысты талаптарды бұзған;

7) алып тасталды;

8) бухгалтерлік есепте сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі қаржы операцияларын тиісінше көрсетпеуге, сондай-ақ есепке алудың өзге де міндетті нысандарын жүргізуге байланысты Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактісі анықталған;

9) лицензия беруге негіз болған құжаттарда жалған ақпарат беру фактісі анықталған;

10) аудиторлық ұйымның өткізілген аудит туралы есебінде көрсетілген бұзушылықтарды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 20-бабының 8-тармағында көрсетілген мерзімде қасақана жоймаған;

11) сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға міндетті немесе төтенше жарналарды, сондай-ақ қосымша жарналарды соңғы он екі айдың ішінде екі және одан да көп рет төлемеген, уақытылы төлемеген не толық көлемінде төлемеген жағдайларда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокері лицензиясының қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрады;

12) сақтандыру брокері сақтандыру агентінің қызметін жүзеге асырған.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиясының қолданылуы барлық сыныптар бойынша да, жекелеген сақтандыру сыныптары бойынша да тоқтатыла тұруы мүмкін. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру оның жана сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасауына, қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру)

шарттарын ұзартуды қоса, тыйым салуға әкеп соғады. Бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзі қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімде лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың негіздері мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Мұндай шешім лицензиаттың атқарушы органының назарына жеткізілген күннен бастап лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі. Осы талаптар сақтандыру брокеріне қатысты қолданылмайды.

Уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар белгіленген мерзімде жойылмаған;

2) лицензияның қолданылуы бірнеше рет (соңғы он екі айдың ішінде екі рет) тоқтатыла тұрған;

2-1) уәкілетті органның Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарын бұзушылықты жою жөніндегі жазбаша нұсқамасын бірнеше мәрте (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде екі және одан да көп рет) орындамаған;

2-2) Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілерін бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзған;

3) сот сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері лицензиялық қызметті лицензия берілген күннен бастап он екі ай бойы жүзеге асырмаған;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеті болмаған;

6) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру кезінде осы ұйым табыс еткен бизнес-жоспардағы не оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспардағы қорытынды болжау нәтижелері осы бизнес-жоспарды орындау кезеңі аяқталған соң сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс

жүзіндегі қорытынды нәтижелеріне сәйкес келмеген жағдайларда лицензиядан айыру туралы шешім шығаруға құқылы. Сақтандыру ұйымы сақтандырудың барлық сыныптары бойынша да, жекелеген сыныптары бойынша да лицензиясынан айырылуы мүмкін. Лицензиядан айыру туралы шешімде одан айырудың негіздемесі көрсетілуге тиіс. Лицензиясынан айырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру немесе өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы емес, тізбесін уәкілетті орган айқындайтын операцияларды қоспағанда, қолда бар банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті. Лицензиясынан айырылған сақтандыру брокері өз қызметін жүзеге асыруға құқылы емес, ол өзін ұстауға арналған ағымдағы шығыстарға, сақтандыру брокеріне келіп түсетін ақшаны есепке алуға байланысты жағдайларды қоспағанда, қолда бар банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті.

Сақтандыру қызметі субъектілері мен сақтандыру брокерін лицензиясынан айыру туралы шешімі оны уәкілетті орган қабылдаған күнінен бастап күшіне енеді. Лицензиядан айыру туралы ақпарат екі республикалық газетте жарияланады. Лицензиядан айырған күннен бастап он бес күн ішінде уәкілетті мемлекеттік орган сотқа заңдарда белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің қызметін мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтінішпен жүгінуге міндетті. Лицензиядан айыру туралы шешім күшіне енген күннен бастап уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін тағайындайды, оған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық басқару органдарының өкілеттігі көшеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрын жұмыс істеп келген органдарының өкілеттігі тоқтатыла тұрады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің лицензиядан айыру туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға құқығы бар. Уақытша әкімшілік өз қызметін уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің қызметіне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының

уақытша әкімшілігінің есебі уәкілетті органға және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешім қабылдаған сотқа ұсынылады. Уақытша әкімшіліктің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді және оны уәкілетті орган бекітеді. Бекітілген актінің бір данасы іс материалдарына тігу үшін сотқа жіберіледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің өз қызметі кезеңінде, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 55-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шығыс операцияларын жүзеге асыруға құқығы жоқ. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілік тағайындалған кезеңдегі жұмыс тәртібі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және тарату комиссиясының уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) құрамына кірген уәкілетті орган қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге байланысты шығыстарды, сондай-ақ орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім туралы ақпаратты жариялау жөніндегі шығыстарды және әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату негіздемесі бойынша және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі болмаған жағдайда не оның құны осы шығыстарды жабуға жеткіліксіз болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған соң құжаттарды мұрағатқа сақтауға тапсыру жөніндегі қызметтің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуге байланысты шығыстарды қоспағанда уәкілетті органның мәжбүрлеп тарату негіздемесі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін тоқтату жөніндегі шығыстарды қаржыландыруына тыйым салынады.

Актуарий лицензиясының қолданылуын уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) уәкілетті мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде талап еткен міндетті актуарий қорытындысын және өзге де құжаттарды беруден бас тартқан;

1-1) уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамаған;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасын бұзуына әкеп соқтырған, актуарий қызметін сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманың талаптарын бұза отырып жүзеге асырған;

3) лицензия беруге негіз болған құжаттарда жалған ақпарат беру фактісі анықталған;

4) актуарий «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 40-бабының 3-тармағына сәйкес біліктілік емтиханын тапсырмаған;

5) лицензияланған қызметті сақтандыру рыногында соңғы екі жыл бойы жүзеге асырмаған жағдайда алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұра алады.

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімде лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың негіздемесі мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Мұндай шешім лицензиаттың назарына жеткізілген күннен бастап лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған болып есептеледі.

Уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар белгіленген мерзімде жойылмаған;

2) лицензияның қолданылуы бірнеше рет (соңғы он екі айдың ішінде екі рет) тоқтатыла тұрған;

3) актуарий есептеулерін жүргізу барысында алынған және сақтандыру құпиясы немесе коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтер жария етілген немесе үшінші тұлғаға (уәкілетті мемлекеттік органнан басқасына) берілген;

4) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 19-бабының 6-тармағындағы талаптар орындалмаған;

5) сот актуарийдің кәсіпкерлік қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайларда лицензиядан айыру туралы шешім шығаруға құқылы.

Лицензиядан айыру туралы шешімде одан айырудың негіздемесі көрсетілуге тиіс. Мұндай шешім лицензиаттың назарына жеткізілген күннен бастап лицензиат лицензиясынан айырылған болып есептеледі.

Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша оларды

сыныптау ескеріле отырып есептелген құны мен міндеттемелер арасында теріс айырма барын анықтаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын олардың акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алып, оларды сақтандыру және қайта сақтандыру шарты бойынша барлық міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жағдайында сатып алуға тілек білдірген жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдауға құқылы. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алуы кейіннен оларды жаңа инвесторға сату мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын (акционерлердің үлестерін) мәжбүрлеп сатып алу туралы өзі шешім қабылдаған күнге оның нақты төлем қабілеттігі маржасының мөлшері негізінде айқындалатын баға бойынша жүзеге асырылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды сатуды уәкілетті орган оларды сатып алу бағасы бойынша жүргізеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық мәжбүрлеп сатып алынатын акциялары иелерінің құқықтары мен міндеттері жаңа инвесторға ауысады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу мен оларды кейіннен жаңа инвесторға сату тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік органмен келісе отырып белгілейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуы Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерінде көзделген тәртіппен, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуын уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болған жағдайда жүзеге асыруға болады. Сақтандыру қызметін жүзеге асырмайтын заңды тұлға ретінде өз еркімен қайта ұйымдастырылуға рұқсат алған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бұрын берілген барлық лицензияларды бір апта ішінде уәкілетті органға қайтарып беруге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуын жүргізуге рұқсат алу үшін өтініш беруге акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негіз болады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуын жүргізуге рұқсат алуға берілген өтінішке қоса

тіркелетін құжаттар тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуын жүргізуге рұқсат алуға берілген өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуына рұқсат беруден уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негіздер бойынша:

1) көзделіп отырған өз еркімен қайта құрылу нәтижесінде сақтанушылардың және өзге де кредиторлардың заңды мүдделері бұзылатын;

2) көзделіп отырған қайта құру нәтижесінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің ең төменгі талаптары, сақталуы міндетті нормалар мен лимиттер және «Сақтандыру қызметі» туралы «Заң мен уәкілетті» мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де талаптар бұзылатын;

3) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген құжаттар табыс етілмеген;

4) табыс етілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда бас тартады.

Уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берушіге өз еркімен қайта құрылуына рұқсат беруден бас тартқаны туралы бас тартудың негіздемесін көрсете отырып жазбаша хабарлайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату, оның ішінде банкроттық негіз бойынша тарату Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мынадай негіздер бойынша:

1) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болған жағдайда өз акционерлерінің шешімі бойынша (өз еркімен таратылуы);

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

Кредиторлар мүдделерін қамтамасыз ету және олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын өз еркімен және мәжбүрлеп тарату рәсімдеріне қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.



Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторлар комитетінің құрамын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының ұсынысы бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді. Кредиторлар комитетінің құрылуы мен қызметінің ерекшеліктері уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болған жағдайда жүргізіледі. Өз еркімен таратылуды жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішке тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін құжаттар қоса тіркелуге тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуына рұқсат алуға берілген өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс. Өз еркімен таратылуға рұқсат алған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бұрын берілген барлық лицензияларды бір апта мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға қайтаруға міндетті. Уәкілетті мемлекеттік органнан өз еркімен таратылуға рұқсат алғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссиясын құрады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі заңдарда белгіленген тәртіппен соған көшеді. Өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы уәкілетті мемлекеттік органның сұратуы бойынша оған өз қызметі туралы кез келген мәліметтерді және таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты деректерді табыс етуге міндетті. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылуы туралы есеп пен тарату балансы бекітілген күннен бастап он күн ішінде оларды әділет органдары мен уәкілетті мемлекеттік органға табыс етуге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы мұрағатта сақтауға арналған құжаттарды белгіленген тәртіппен тапсыруға және бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға қаражаты жетпеген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы банкроттық негіздері бойынша мәжбүрлеп таратылуға тиіс. Өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы қызметінің ерекшеліктері уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуын аяқтау мүмкін болмауына байланысты уәкілетті мемлекеттік орган оны мәжбүрлеп тарату туралы сотқа жүгінуге құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуына рұқсат беруден уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негіздер бойынша:

1) көзделіп отырған өз еркімен таратылу нәтижесінде сақтанушылар мен өзге де кредиторлардың заңды мүдделері бұзылған;

2) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттар табыс етілмеген;

3) табыс етілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болмаған жағдайларда бас тартады.

Уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берушіге оның өз еркімен таратылуына рұқсат беруден бас тартқаны туралы бас тартудың негіздемесін көрсете отырып жазбаша хабарлайды.

Уақытша әкімшілік өз өкілеттігін доғарып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарымен мүлкін он күннен аспайтын мерзімде тарату комиссиясының төрағасына өткізеді. Егер мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болса, уақытша әкімшілік міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген көлемде және мерзімде ақпарат береді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мәжбүрлеп таратылатын жағдайда сот уәкілетті мемлекеттік органға хабарлайды және он күн ішінде оған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешімнің көшірмесін жібереді. Сот сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясынан айыруына байланысы жоқ негіз бойынша мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган оны

лицензиясынан айыру туралы мәселені заңдарда белгіленген тәртіппен қарайды. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын банкроттық негізі бойынша тарату, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, оның ішінде банкроттық негіз бойынша тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін сот тарату жөнінде іс қозғайды және оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын құру жөнінде уәкілетті органға міндеттер жүктейді. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссияларын тағайындау мен босату тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талап уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының аралық тарату балансы мен талаптарының тізілімін уәкілетті орган бекітеді. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы уәкілетті мемлекеттік органға істелген жұмыс туралы есепті және оның жазбаша сұратуы бойынша өз қызметі туралы қосымша мәліметтер мен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты деректерді табыс етуге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату, конкурстық массасы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен қалыптастырылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де жұмысқа тартылған қызметкерлерге төленетін ай сайынғы сыйақы олардың әрқайсысына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген он еселенген ең төменгі жалақыдан аспауы тиіс. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сатуды оның тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тарату комиссиясының қызметіне бақылау жасауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Тарату комиссиясы уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын сотқа табыс етеді. Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату жөніндегі істі аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді жүзеге асыратын тиісті әділет органына, сондай-ақ уәкілетті органға жібереді. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату тәртібі және оның тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы құжаттарды белгіленген тәртіппен мұрағатқа сақтау үшін өткізуге және бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі уәкілетті мемлекеттік органның тиісті қорытындысы ескеріле отырып айқындалады. Уәкілетті мемлекеттік органның тиісті қорытындысы болған жағдайда сот сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жөнінде оңалту рәсімдерін тағайындауы мүмкін. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты оңалту рәсімдері санация нысанында немесе сақтандыру міндеттемелері мен соларға сәйкес активтер сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізілетін жария саудаға салу арқылы мүдделі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына беру нысанында жүргізілуі мүмкін. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы заңдарда белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша ғана банкрот деп танылады. Дәрменсіз сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын оның кредиторларының және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзінің шешімі бойынша соттан тыс тарату рәсіміне жол берілмейді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банкроттығы туралы іс бойынша тараптардың бітім келісімін жасасуына жол берілмейді. Сақтандыру ұйымы кредиторларының заңдарда белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілік пен қанағаттандырылуға тиіс:

- 1) бірінші кезекте, таратылатын сақтандыру ұйымы азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапты болатын жағдайда, ол азаматтардың талаптары сақтандыру шарттары бойынша жауапкершілікпен байланысты емес негіздер бойынша тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру арқылы қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекке ақы төлеу жөнінде және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысу жүргізіледі;

3) үшінші кезекте, сақтандырылушының жеке өзіне байланысты жасалған сақтандыру шарттары бойынша кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте, кредиторлардың – жеке тұлғалардың өздері жасалған мүліктік сақтандыру шарттары және сақтандырылушының жеке өзіне байланысты емес сақтандырудың басқа да түрлері бойынша талаптары қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте, жасалған сақтандыру шарттары бойынша, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда аталғаннан өзге, кредиторлардың талаптары, сондай-ақ сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде, міндетті сақтандыру шарттары бойынша, жүзеге асырылған кепілдік, өтемақы төлемдері және оларды жүзеге асыруға байланысты өзге де шығыстар бойынша сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қордың талаптары қанағаттандырылады;

6) алтыншы кезекте, таратылатын сақтандыру ұйымының мүлкін қамтамасыз етілу сомасы шегінде кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады;

7) жетінші кезекте, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару бойынша берешек өтеледі;

8) сегізінші кезекте, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысу жүзеге асырылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату жөніндегі іске байланысты шығыстар, сондай-ақ соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін, не уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енгенге дейін басталған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған шығыстар кезектен тыс жүргізіледі. Қайта сақтандыру ұйымы кредиторларының заңдарда белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылуға тиіс:

1) бірінші кезекте, таратылатын қайта сақтандыру ұйымы азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапты болатын жағдайда, ол азаматтардың талаптары қайта сақтандыру шарттары бойынша жауапкершілікпен байланысты емес негіздер бойынша тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру арқылы қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекке ақы төлеу жөнінде және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысу жүргізіледі;

3) үшінші кезекте, цеденттердің "өмірді сақтандыру" саласы бойынша шарттардан туындайтын талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте, цеденттердің "жалпы сақтандыру" саласы бойынша шарттардан туындайтын талаптары қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте, таратылатын қайта сақтандыру ұйымының мүлкін қамтамасыз етілу сомасы шегінде кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады;

6) алтыншы кезекте, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару бойынша берешек өтеледі;

7) жетінші кезекте, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысу жүзеге асырылады.

Әрбір келесі кезектегі талаптар одан алдыңғы кезектегі талаптар толық орындалғаннан кейін қанағаттандырылады. Бір кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандырған кезде қаражат олардың арасында қанағаттандырылуға жататын талаптар сомасына бара-бар бөлінеді. Тиісті кезегі келгенде кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін әдістермен, оның ішінде есеп айырысудың бара-барлық принципін сақтай отырып, ақшалай нысанда және (немесе) мүлкті заттай күйінде беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Ерікті және мәжбүрлеп, оның ішінде банкроттық негіз бойынша таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) тарату комиссияларынан істелген жұмыс туралы есептерді, ал қажет болған жағдайда, қосымша ақпаратты да алуға;

2) тарату комиссияларының есептер мен қосымша ақпаратты беру нысанын, мерзімдерін және кезеңділігін белгілеуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпшен тарату комиссияларының қызметін тексеруді жүргізуге;

4) тарату комиссияларының қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу анықталған кезде кемшіліктерді жою жөнінде, тарату комиссиялары орындауға міндетті жазбаша нұсқамалар шығаруға, нұсқамалардың орындалу мерзімін белгілеуге;

5) тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша ұйғарымды орындамаған жағдайда кредиторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына жүгінуге;

6) тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру мен бекітудің ерекшеліктерін және тәртібін белгілеуге;

7) тарату комиссияларының кассадағы қолма-қол ақшаны сақтау, қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасау, касса құжаттарын жүргізу ережелерін орындау, қолма-қол ақшаның жұмсалуды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын, касса қалдықтарының лимиттерін, сондай-ақ тарату комиссиясының ағымдағы шотына қолма-қол ақшаны өткізу мерзімдерін айқындауға құқылы. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

## 6 дәріс. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі сақтандыруды жүзеге асырудың негізгі нысаны ретінде шарттық нысанды қарастырады. Сонымен қатар шарттық емес сақтандыру өзара сақтандырудың шеңберінде орын алуы мүмкін.

Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді. Сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру шартының келесі белгілері байқалуда:

- 1) сақтандыру шарты – сақтандыру қатынасының құқықтық нысаны (реттеуші);
- 2) сақтандыру шарты – екі-жақты мәміле;
- 3) сақтандыру шарты – ақылы шарт;
- 4) сақтандыру шарты – өзара шарт;
- 5) жалпы ереже бойынша сақтандыру шарты – реальдық шарт;
- 6) сақтандыру шартының сипатты белгісі – ол сақтандыру жағдайымен байланыста жасалады;
- 7) сақтандыру шарты алеаторлық (тәуекелді) шарттар тобына жатады;
- 8) сақтандыру шарты – мерзімді шарт;
- 9) сақтандыру шарты – ақшалай міндеттеменің пайда болуына негіз қалайды;
- 10) сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

Сақтандыру шарты жазбаша нысанда:

- 1) тараптардың сақтандыру шартын жасасуы;
- 2) сақтанушыны бір жақты тәртіпте (бірігу шарты) сақтандырушы әзірлеген үлгілік шарттарға (сақтандыру ережелеріне) қосу және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі. Міндетті сақтандыру бойынша жазбаша шарттың нысаны Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде айқындалады, ал ерікті сақтандыру бойынша – сақтандырушы айқындайды не тараптардың келісімімен айқындалады. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соқтырады.



Сақтандыру ережесін сақтандырушы әзірлейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда ол уәкілетті мемлекеттік органмен келісілуге тиіс. Сақтандырудың нақты түрі бойынша сақтандыру ережесі осы баптың талаптарына сәйкес келуге тиіс. Сақтандыру ережелерінде:

- 1) сақтандыру объектілерінің тізбесі;
- 2) сақтандыру сомасын анықтау тәртібі;
- 3) сақтандыру жағдайларының тізбесі;
- 4) сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу;
- 5) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны;
- 6) сақтандыру шартын жасасу тәртібі;
- 7) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 8) сақтанушының сақтандыру жағдайы туған кездегі іс-әрекеті;
- 9) сақтандыру жағдайының туғандығын және шығын мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі;
- 10) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары;
- 11) сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді қабылдаудың мерзімі;
- 12) сақтандыру шартын тоқтату талаптары;
- 13) дауларды шешу тәртібі;
- 14) алынып тасталды;
- 15) қосымша талаптар болуға тиіс.

Сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша сақтандыру ережелерінің негізінде сақтандыру шартын жасасу кезінде анықталатын қосымша талаптарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін. Сол қосымша талаптар үш реттен астам қайталанған жағдайда сақтандырушы сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша ережелерді заңдарда белгіленген тәртіппен өзгертуге міндетті. Сақтандыру ережелеріне өзгерістер енгізілген жағдайда сақтандырушы осы өзгерістерді келісу үшін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынуға тиіс.

Сақтандыру шартында мыналар болуы тиіс:

- 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

2) сақтанушының (егер ол жеке адам болса) тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тұрған жері немесе (егер ол заңды тұлға болса) оның атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

5) сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;

6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері;

7) шарттың жасалу күні және қолданылу мерзімі;

8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болса, сақтандырылған адам мен пайда алушы туралы көрсету;

9) шарттың (сақтандыру полисінің) номері, сериясы;

10) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

11) сатып алу сомасын (жинақтаушы сақтандыру үшін) төлеудің шарты және оның мөлшері;

12) салық төлеушінің тіркеу нөмірін (егер бар болса), резиденттік белгісін және сақтанушының экономика секторын көрсету;

13) салық төлеушінің тіркеу нөмірін (егер бар болса), резиденттік белгісін және егер ол сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылушының (пайда алушының) экономика секторын көрсету;

14) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемі мен сақтандыру сыйақысының валюта түрі. Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін. Франшиза – сақтандырушыны сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі. Франшиза сақтандыру сомасына қатысты процент бойын-

ша не абсолютті мөлшерде белгіленеді. Егер сақтандыру шартында заң актілерінде көзделгендермен салыстырғанда сақтанушының жағдайын нашарлататындай талаптар болса, осы заң актісімен белгіленген ережелер қолданылады. Егер қайта сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарты бойынша жауаптылық кезеңі сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша міндеттемесі қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауаптылық кезеңіне сәйкес келуге тиіс. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда дау сақтанушының пайдасына шешіледі. Осы тармақтың талаптары қайта сақтандыру шарттарына қолданылмайды.

Сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеу кезінде, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады. Сақтандыру шарты, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезден бастап қолданылуын тоқтатады. Сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі, егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шарттың қолданылу мерзіміне дәл келеді.

Сақтандырушы:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында немесе заң актілерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

2) сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға;

3) сақтанушыға (сақтандырылған адам) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;

4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заң актілерінде, сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

Сақтанушы:

1) сақтандыру шарты белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;

2) сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы сақтандырушыны хабардар етуге;

3) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарлауға;

4) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін шаралар қолдануға (Азаматтық кодекстің 829-бабының 1-тармағы);

5) сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамнан талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті (Азаматтық кодекстің 840-бабы). Сақтандыру шартында сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

## 7 дәріс. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ОРЫНДАУ

Сақтандыру шарттың орындауын реттеу барысында міндеттемелік құқықтың жалпы ережеері қолданылады. Сақтандыру шарты ақшалай міндеттеме сипатына ие болғандықтан ақшалай міндеттемелерді орындаудың негізгі ережелері қолданылады. Сақтанушы жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жарнасын төлеу талаптарын қатарынан екі рет сақтамаған жағдайда сақтандырушы жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті.

Хабарламада:

1) сақтандыру жарнасын төлейтін кезең (сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі);

2) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлдың мөлшері;

3) сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы болуға тиіс. Сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі 30 күнтізбелік күннен кем болмауға тиіс. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы берешек сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлама сақтанушыға оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі. Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде тоқтатыла тұрса немесе тоқтатылса, сақтанушы:

1) мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарналарын;

2) сақтандыру жарналарын Азаматтық кодекстің 353-бабында көзделген мөлшерде төлеудің мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды төлеген кезде сақтандырушы шарттың қолданылуын қалпына келтіруге міндетті. Сақтанушы шарттың қолданылуы тоқтатылған немесе шарт тараптарының өз міндеттемелерін орындауын тоқтата тұрған күннен бастап бір жыл ішінде жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы. Сақтандырушы жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын

қалпына келтірген кезде сақтандырылған адамның денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы. Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің және (немесе) сақтандыру сыйлық-ақысының мөлшерін қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы шарттың қолданылуын жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда шартты қалпына келтіруге болмайды. Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылса және сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, сақтандырушы мұндай шарттың қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.

Сақтанушының сақтандырушымен келісімі бойынша біртекті мүліктің (тауарлардың, жүктердің және т.с.с.) әр түрлі топтамаларын ұқсас жағдайларда белгілі бір мерзім ішінде жүйелі сақтандыру сақтандырудың бір шарты - бас полис негізінде, оны сақтанушыға беру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Сақтанушы Азаматтық кодекстің 826-1 баптың 1-тармағында аталған шарттың күші қолданылатын мүліктің әрбір топтамасына қатысты мұндай шартта көзделген мәліметтерді сақтандырушыға ол көздеген мерзімде хабарлауға, ал егер ол көзделмесе, оны алғаннан кейін дереу хабарлауға міндетті. Сақтанушы, тіпті, мұндай мәліметтерді алған кезде сақтандырушы өтеуге тиісті шығынның болу мүмкіндігі іске аспай қалса да, бұл міндеттен босатылмайды. Сақтанушының талап етуімен сақтандырушы қаралудағы баптың 1-тармағында аталған шарттың күші қолданылатын мүліктің жекелеген топтамалары бойынша сақтандыру полистерін беруге міндетті. Сақтандыру полисінің мазмұны бас полиске сәйкес келмеген жағдайда сақтандыру полисіне басымдық беріледі.

Мүліктік сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде, болуы мүмкін залалдарды болдырмау немесе азайту үшін сақтанушы (сақтандырылған адам) қалыптасқан жағдайларда қисынды және қолдан келетін шаралар, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қолдануға міндетті. Сақтанушы (сақтандырылған адам) осындай шаралар қолдана отырып, егер олар сақтанушыға (сақтандырылған адамға) хабарланған болса, сақтандырушының нұсқауларын ұстануға тиіс. Залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтанушы (сақтандырылған адам) шеккен шығындар, егер мұндай шығындар

кажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілген жағдайда, тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығындар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар сақтанушының (сақтандырылған адамның) сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі. Болуы мүмкін залалдарды азайту үшін сақтанушының (сақтандырылған адамның) қисынды және қолдан келетін шараларды қасақана қолданбауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

Сақтандыру құпиясына сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады. Таратылу процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы мәліметтер сақтандыру құпиясына жатпайды. Міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актілерде сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етудің өзге де талаптары мен тәртібі көзделуі мүмкін. Сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агентінің өз кәсіби қызметінің нәтижесінде алған сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді, кәсіби сақтандыру рыногының басқа қатысушысына не сақтандыру агентіне қайта сақтандыру шарттарын жасасуға немесе қосарлас сақтандыру жөніндегі қатынастарға байланысты ақпарат беру жағдайларын, сондай-ақ Азаматтық кодекстің 830-баптың 4, 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге құқығы жоқ. Өздерінің қызмет міндеттерін жүзеге асыруына байланысты сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді алған лауазымды адамдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкерлері, сақтандыру брокерлері, сақтандыру агенттері және басқа да адамдар оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауап береді. Сақтандыру құпиясын үшінші адамға сақтанушының (сақтандырылған адамның, пайда алушының) жазбаша келісімі негізінде ашуға болады. Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер:

1) сақтанушының (пайда алушының) өкіліне – нотариатта куәландырылған сенімхат негізінде;

2) анықтау және алдын ала тергеу органына – оның өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша;

3) сотқа – сот ұйғарымы негізінде оның өндірісіндегі істер бойынша;

4) прокурорға – оның құзыреті шегінде өзінің қарауындағы материалдар бойынша тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;

5) уәкілетті мемлекеттік органға – сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;

б) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес өзге де тұлғаларға беріледі.

Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер сақтанушы, сақтандырылған адам, пайда алушы қайтыс болған соң:

1) мұрагерлерге;

2) соттарға және нотариустарға – соттың ұйғарымы, қаулысы немесе нотариустың мөрі басылған жазбаша сауалы негізінде олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша беріледі. Нотариустың жазбаша сауалына сақтанушының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі қоса тіркелуге тиіс;

3) шетелдік консулдық мекемелерге – олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша беріледі.

Сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы шарттары, ұсынылатын сақтандыру қызметтерінің тізбесі, сақтандыру тарифтері, сақтандыру мерзімдері, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының өзге де негізгі талаптары ашық ақпарат болып табылады және сақтандыру құпиясы мен коммерциялық құпияның нысанасы бола алмайды. Сақтандырушы сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді жария еткен жағдайда сақтанушы (сақтандырылған адам, пайда алушы) келтірілген шығынды өтеуді, ал тиісті жағдайларда – моральдық нұқсанның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Шарт жасасу кезінде сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) туындауы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар сақтанушының өзіне белгілі жағдайларды, егер бұл жағдайлар сақтандырушыға белгісіз болса және белгісіз болуға тиісті болса, хабарлауға міндетті. Қалай болғанда да сақтандырушы әзірлеген



сақтандыру ережелерінде немесе шарт жасасу кезеңінде сақтанушыға жіберілген сақтандырушының жазбаша сауалына нақты айтылған мән-жайлар елеулі деп танылады. Егер сақтандыру шарты сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына сақтанушының берген жауаптарынсыз жасалған болса, соңғысы сақтанушының тиісті жағдайларды хабарламағандығын негізге ала отырып, кейіннен шарттың бұзылуын немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды. Егер шарт жасалып болған соң сақтанушының сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген жағдайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергендігі анықталған болса, сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды және Азаматтық кодекстің 844-бабының 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген салдарды қолдануды талап етуге құқылы. Егер сақтанушы жасырып қалған мән-жай жоққа шығып қалған болса, сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талап ете алмайды. Мүлікті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы сақтандырылатын мүлікті қарап тексеруге және бағалауға, ал қажет болған кезде оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын мүлікке және келтірілген зиянға сақтандырушы жүзеге асыратын бағалау сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және қосымша лицензиялауды талап етпейді. Жеке сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушы оның нақты денсаулық жағдайына баға беру үшін сақтандырылатын адамға тексеру жүргізуге құқылы. Сақтандырушының сақтандыру тәуекеліне осы баптың негізінде берген бағасы өзгеше дәлелдеуге құқығы бар сақтанушы үшін міндетті емес. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша сақтандырушы айқындайды. Қажет болған жағдайда келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) жүргізеді. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда тараптар өзгеше дәлелдеуге құқылы. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалады.

Мүліктік сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтанушы (сақтандырылған адам) шарт жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелін арттыруға елеулі ықпал жасайтындай болса, сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті. Қалай болғанда да сақтандыру шартында айтылған өзгерістер елеулі деп танылады. Сақтандыру тәуекелін арттыруға әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы, шарттың талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуымен мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер сақтанушы немесе сақтандырылған адам сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және сақтандырудың қосымша сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы Азаматтық кодекстің 24-тарауында көзделген ережелерге сәйкес шартты бұзуды талап етуге құқылы. Сақтанушы немесе сақтандырылған адам жоғарыда көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда сақтандырушы шартты бұзуды және шартты бұзудан болған залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы. Егер сақтандыру тәуекелін арттыруға әкеп соғатын мән-жайлар жоққа шығып қалған болса, сақтандырушының шартты бұзуды талап етуге құқығы жоқ. Жеке сақтандыру кезінде, Азаматтық кодексте көрсетілген шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелін өзгертудің салдары, егер олар шартта тікелей көзделген болса, басталуы мүмкін.

Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне мәлім болған соң оның басталғандығы жөнінде сақтандырушыға немесе оның өкіліне дереу хабарлауға міндетті. Егер шартта немесе Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісінде хабардар ету мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және шартта немесе Қазақстан Республикасының заң актісінде көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс. Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, мұндай міндет сақтандырылған адамға жүктеледі. Егер жеке сақтандыру кезінде сақтандырылған адамның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса, сақтандыру жағдайы туралы сақтандырушыға хабарлау міндеті сақтанушыға, ал егер оның өзі бір мезгілде сақтандырылған адам болса – пайда алушыға жүктеледі. Бұл ретте сақтандырушыға хабарлаудың шартта

белгіленген мерзімі отыз күннен кем болмауы тиіс. Пайда алушының барлық жағдайларда, мұны сақтанушының немесе сақтандырылған адамның жасаған-жасамағанына қарамастан, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға құқығы бар. Егер сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушының дер кезінде білгендігі дәлелденбесе не бұл жөніндегі мәліметтердің сақтандырушыда болмауы оның сақтандыру төлемі міндеттеріне ықпал етпейтін болса, сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға хабар бермеу оған сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын береді.

Мүлікті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтанушының құқықтары мен міндеттері мұрагерлік тәртібімен осы мүлікті қабылдаған адамға ауысады. Меншік құқықтары (немесе өзге де заттық құқықтары) ауысуының басқа жағдайларында сақтанушының құқықтары мен міндеттері, егер шартта немесе заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, сақтандырушының келісуімен жаңа меншік иесіне (немесе өзге де заттық құқықтардың иесіне) ауысады. Жеке сақтандыру шартын сақтандырылған адамның пайдасына жасаған сақтанушы қайтыс болған жағдайда, осы шартта айқындалған құқықтар мен міндеттер оның келісімімен сақтандырылған адамға ауысады. Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді сақтандырылған адамның орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері заң актілеріне сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырушы тұлғаларға ауысуы мүмкін. Заңды тұлға болып табылатын сақтанушыны қайта ұйымдастырған кезде, сақтандыру шарты қолданылу кезеңіндегі оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісуімен, осы Кодексте айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорғау ауысады.

Зиян келтіргені үшін жауаптылықты сақтандыру шарты бойынша (Азаматтық кодекстің 811-бабы) сақтанушының емес, өзге тұлғаның жауаптылығы сақтандырылған жағдайда, сақтанушы шартта өзгеше көзделмегендіктен, бұл туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлап, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін кез келген уақытта бұл тұлғаны басқасымен ауыстыруға құқылы. Жеке сақтандыру, сондай-ақ мүліктік сақтандыру шартында

аталған сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам тек өзінің (топтастырылған жеке сақтандыруды қоспағанда,)және сақтандырушының келісімі бойынша ғана басқа тұлғамен ауыстырылуы мүмкін. Егер үшінші тұлғаны сақтандыру міндетті сақтандыру туралы заң актілерінің талаптарынан туындайтын болса, сақтандырылған адамды ауыстыру заң актілерінде көрсетілген тәртіппен және соларға негізделген шартпен жүзеге асырылады.

Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандырылған адам болып табылмайтын, сақтандыру шартында аталған пайда алушыны, бұл жөнінде сақтандырушыны жазбаша хабардар етіп, басқа адаммен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны оның сақтанушымен жасаған келісімінен туындайтын белгілі бір міндеттерді сақтандыру шарты бойынша орындағаннан немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі талап қойғаннан кейін басқа адаммен ауыстыруға болмайды. Сақтандырылған адам болып табылатын пайда алушыны ауыстыру Азаматтық кодекстің 837-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) сақтанушының, сақтандырылған адамның және (немесе) пайда алушының, қажетті қорғану және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекетінің;

2) заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтанушының, сақтандырылған адамның және (немесе) пайда алушының қасақана жасалған қылмыстар немесе сақтандыру жағдайына себепті байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекетінің салдарынан болса, сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы. Егер сақтандыру жағдайы жауаптылықта сақтандыру объектісі болып табылатын тұлғаның кінәсінен болса, онда сақтандырушы азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылмайды. Сақтандырушы сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, егер өлім өзін-өзі өлтірудің салдарынан болса және осы уақытқа дейін сақтандыру шарты кемінде екі жыл қолданылып келсе, жеке сақтандыру шарты бойынша төленуге тиіс сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылмайды. Өз еркімен сақтандыру шартында және міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде өзгеше көзделмегендіктен, егер сақтандыру жағдайы:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың әсері;

2) әскери қимылдардың

3) азамат соғысының, алуан түрлі халық толқуларының, жаппай тәртіп бұзушылықтардың немесе ереуілдердің салдарынан басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады. Мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмегендіктен, сақтандырушы алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тұтқындау немесе мемлекеттік органдардың өкімімен сақтандырылған мүліктерді жою салдарынан болған залалдар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да:

1) сақтанушының сақтандырушыға, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы (Азаматтық кодекстің 829-бабы);

3) сақтанушының залалдар келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдарға тиісті өтем алуы;

4) сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде сақтандырушыға кедергі жасауы;

5) сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға хабарламау (Азаматтық кодекстің 835-бабы);

б) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы (Азаматтық кодекстің 840-бабы). Егер сақтандыру өтемі ендігі төленіп қойған болса, сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

7) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайлар негіз болуы мүмкін.

Сақтандырушыны сақтанушының алдындағы сақтандыру жауаптылығынан оның осы бапта көзделген заңсыз іс-қимылдарының себептері бойынша босату, сақтандырушыны сонымен бір мезгілде сақтандырылған адамға немесе пайда

алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады. Сақтандыру шартының талаптары бойынша, егер бұл заң актілеріне қайшы келмейтін болса, сақтандыру төлемінен бас тартудың басқа да негіздері көзделуі мүмкін. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және ол бас тартудың дәлелді негіздерімен жазбаша нысанда сақтанушыға хабарланады. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы сотқа шағымдануы мүмкін.

Егер мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға, сол төленген соманың шегінде, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын сақтанушының (сақтандырылған адамның) талап қою құқықтары ауысады. Алайда қасақана залал келтірген адамға қойылған талап қою құқықтарының сақтандырушыға ауысуын жоққа шығаратын шарт талабы жарамсыз болады. Сақтандырушыға ауысқан талап қою құқығы сақтанушы (сақтандырылған адам) мен залалдар үшін жауапты адамның арасындағы қатынасты реттейтін ережелерді сақтай отырып жүзеге асырылады. Сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға барлық құжаттар мен айғақтарды беруге және оған талап қою құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандырушы төлеген шығындар үшін жауап беретін адамға талап қою құқықтарынан бас тартса немесе сақтанушының (сақтандырылған адамның) кінәсінен бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісінше оның бір бөлігін жүзеге асырудан босатылады және артық төлеген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## 8 дәрiс. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ

Азаматтық кодексте көзделген мiндеттемелердi тоқтатудың жалпы негiздерiнен басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

1) сақтандыру объектiсi өмiр сүруiн тоқтатқан;

2) сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам қайтыс болғанда, ол ауыстырылмаған (Азаматтық кодекстiң 815-бабының 8-тармағы);

3) сақтанушы мүлiктiк сақтандыру объектiсiн өз иелiгiнен шығарған, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсылық бiлдiрсе, ал шартта немесе мiндеттi сақтандыру туралы заң актiлерiнде өзгеше көзделмеген Азаматтық кодекстiң 836-бабының 1-тармағы);

4) өзiнiң кәсiпкерлiк тәуекелiн немесе осы қызметке байланысты азаматтық-құқықтық жауаптылығын сақтандырған сақтанушы белгiленген тәртiппен кәсiпкерлiк қызметiн тоқтатқан;

5) сақтандыру жағдайының басталу мүмкiндiгi жойылған және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша сақтандыру тәуекелiнiң болуы тоқтатылған;

6) соттың сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы шешiмi заңды күшiне енгiзiлген реттерде мерзiмiнен бұрын тоқтатылады. Бұл ретте мiндеттi сақтандыру түрлерi бойынша сақтандыру төлемдерiне кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде белгiленген тәртiппен және мерзiмдерде өзi кепiлдiк берген сақтандыру шарттары бойынша өз мiндеттемелерiн орындайды;

7) уәкiлеттi органның сақтандырушының ерiктi таратылуына рұқсат беру туралы шешiмi күшiне енгiзiлген реттерде мерзiмiнен бұрын тоқтатылады.

Аталған жағдайларда шартты тоқтату үшiн негiз ретiнде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап шарт тоқтатылған болып есептеледi, бұл туралы мүдделi тарап дереу екiншiсiн хабардар етуге тиiс. Егер жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтанушы шарт жасасқан күннен бастап он төртiнен отызына дейiнгi кезеңде оны бiржақты тәртiппен бұзса, онда сақтандырушы жинақтаушы сақтандыру шартын жасасқан кезде

сақтандыру сыйлықақысының сомасынан алынған жиырма проценттен аспайтын, сақтандырушы көтерген шығыстар шегеріле отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын сақтанушыға қайтаруға міндетті. Сақтанушы сақтандыру шартын кез келген уақытта бұзуға құқылы.

Жинақтаушы емес сақтандыру шарты Азаматтық кодекстің 841-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының осы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігіне құқығы бар. Жинақтаушы сақтандыру шарты Азаматтық кодекстің 841-бабының 1-тармағының б) және 7) тармақшаларында көрсетілген жағдай бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сатып алу сомасы шартта белгіленген мөлшерде қайтарылуға тиіс. Сақтандырушыны тарату кезінде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (Азаматтық кодекстің 841-бабының 2-тармағы), егер ол Азаматтық кодекстің 841-бабының 1 және 1-1-тармақтарында көзделген мән-жайлармен байланыста болмаса және шартта өзгеше көзделмесе, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылмайды. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы шарт талаптарының сақтандырушының кінәсіне байланысты орындалмауынан болған жағдайда, сақтандырушы сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын оған толық қайтаруға міндетті.

Мәмілелер жарамсыздығының Азаматтық кодексте көзделген жалпы негіздемесінен басқа, сақтандыру шарты мына жағдайларда, егер:

- 1) шарт жасасу кезінде сақтандыру объектісі болмаса;
- 2) құқыққа қарсы мүліктік мүдделер сақтандыру объектісі ретінде әрекет етсе (807-баптың 2-тармағы);
- 3) соттың заңды күшіне енген тиісті шешімінің негізінде тәркіленуге жататын мүлік не қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстың нысанасы болып табылатын мүлік сақтандыру объектісі болып табылса;



4) басталу мүмкіндігі мен кездейсоқтық белгілері жоқ (Азаматтық кодекстің 817-бабының 3-тармағы) және шарттың қолданылуы шегінде амалсыз әрі нақты болуға тиіс оқиға сақтандыру жағдайы ретінде көзделсе, бұл туралы тараптар немесе, кем дегенде, сақтанушы алдын ала білген болса;

5) сақтанушы шарт жасасу кезінде заңсыз пайда табуды алдын ала мақсат еткен болса, оның ішінде сақтандыру жағдайы басталған соң шарт жасалса;

6) сақтандырылған адамның келісімі міндетті болып табылатын жағдайларда, оның келісімі болмаса;

7) шарттың жазбаша нысаны сақталмаса (Азаматтық кодекстің 825-бабының 3-тармағы), жарамсыз деп танылады. Міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде сақтандырудың жекелеген түрлеріне қатысты шартты жарамсыз деп танудың басқа да негіздерін қолдану көзделуі мүмкін.

Сақтандыру шарты жарамсыз деп танылған жағдайда сақтандырушы сақтанушыға одан алған сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын қайтаруға, ал сақтанушы (пайда алушы) сақтандырушыға одан алған сақтандыру төлемін қайтаруға міндетті. Егер шарт сақтанушының заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан туындаған негіздер бойынша жарамсыз деп танылса, ол туралы сақтандырушы шарт жасалған кезде, оны орындау процесінде де білмесе және білуге тиісті болмаса, сақтандырушы шыққан шығындарды шегере отырып, сақтанушыға шарттың аяқталмаған мерзімі үшін сақтандыру сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын қайтарады, ал егер сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда оның төленген соманы қайтаруды талап етуге құқығы бар. Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тартуда негіз беретін себептер бойынша сақтандыру шарты жарамсыз деп танылған жағдайда (Азаматтық кодекстің 839-бабы) нақ сондай салдар туындайды. Егер сақтандыру шарты қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған болса, Азаматтық кодекстің 157-бабының 4-6-тармақтарында көзделген салдар туындайды.

## 9 дәріс. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты сақтандыру жүйесін жасау мен қолдау және ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру;

2) сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау;

3) сақтандырудың негіздерін заңдармен баянды ету, міндетті сақтандыру түрлерін, халықаралық сақтандыру жүйесіне Қазақстан Республикасының қатысу принциптерін белгілеу;

4) сақтанушылардың, сақтандырылушылардың және пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, сақтандыру рыногындағы істің жайына мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуді қоса, уәкілетті мемлекеттік орган және мемлекеттің өзге де органдары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады. Өзге де мемлекеттік органдардың «Сақтандыру қызметі» туралы Заңмен реттелмеген өкілеттігі міндетті сақтандыру түрлері бойынша тиісті заң актілерінде көзделуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің сақтандыру қызметіне араласуына тыйым салынады. Уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді. Лауазымды адамдардың немесе меншігінде не басқаруында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының дауыс беретін акцияларының бес проценттен астамы бар адамдардың және сақтандыру брокерлерінің жақын туыстары уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру ісін қадағалайтын құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері бола алмайды. Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін және ұлттық сақтандыру рыногының инфрақұрылымын қалыптастыруды, сақтанушылардың және сақтандыру рыногының өзге де қатысушыларының заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) сақтандыру рыногын реттеу принциптері мен әдістерін, сақтандыру қызметін қадағалауды ұйымдастыру тәртібін белгілейді;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құруға рұқсат береді;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға рұқсат беру және оны кері қайтарып алу тәртібін «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның талаптарын ескере отырып айқындайды, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға рұқсат береді, ірі қатысушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларын тікелей және (немесе) жанама иелену үлесін белгілейді;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен мәміле жасауға келісім береді;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта ұйымдастырылуына және таратылуына келісім береді;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйым құруына, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қомақты қатысуына рұқсат береді;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы жөнінде талаптар белгілейді;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін, сақтандыру рыногындағы актуарий қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру тәртібін «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның талаптарын ескере отырып айқындайды және лицензиялар береді;

10) сақтандыру портфелін берудің тәртібін айқындайды;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін пруденциялық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді, жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттігі маржасының ең аз мөлшерін қоса, белгілейді және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

12) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату комиссияларының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін және сақтандыру брокерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім береді;

14) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағынан тұрақтылығы мен төлем қабілетіне талдау жасауды, баға беруді және бақылауды жүзеге асырады;

15) сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттарын (сақтандыру полистерін) есепке алу тәртібін белгілейді;

16) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістеріне және есептеу принциптеріне талаптар қояды;

17) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициенттерді (шығындылық коэффициентін, жұмсалған қаражат коэффициентін, аралас коэффициенті) есептеу тәртібін айқындайды;

18) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің және сақтандыру брокерлерінің, актуарийлердің тізілімін жүргізеді;

19) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын автоматтандыруға қойылатын талаптарды белгілейді;

20) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру рыногының басқа да қатысушылары орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

21) сақтандыру қызметі субъектілерін, сақтандыру брокерлерін, сақтандыру қызметі субъектілерінің оқшауланған бөлімшелері мен сақтандыру брокерлерін тексеру ісін жүргізеді;

22) сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларына санкция қолданады;

23) сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларына берілген лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және лицензиялардан айыру туралы шешімдер қабылдайды;

24) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздемелер бойынша тоқтату туралы сот органдарына талап қойып жүгінуді жөнінде шешім қабылдайды;

25) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі туралы, оның құрылтайшыларының құқықтық мәртебесі мен қаржылық жай-күйі туралы, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және оның құрылтайшыларына қатынасы жөнінен еншілес ұйымдар немесе оқшауланған бөлімшелер болып табылатын тұлғалар туралы мәліметтер алуға құқылы;

19) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға сәйкес сақтандыру нарығының және олардың бірлестіктерінің кәсіби қатысушыларынан, сақтандыру агенттерінен өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті мәліметтер алуға құқылы;

21) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өзінің бақылау және қадағалау қызметі үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді алуға құқылы;

22) міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге қойылатын талаптарды белгілейді;

23) сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларына шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы;

24) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шаралар қолданады;

25) Қазақстан Республикасы қаржы рыногының субъектілерін қадағалайтын басқа да уәкілетті органдармен ынтымақтастықты және қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

26) басқа мемлекеттердің сақтандыруды қадағалау органдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау мәселелері бойынша қатынастарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

27) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды, өкілеттіктер мен құқықтарды жүзеге асырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің және олардың оқшауланған бөлімшелерінің қызметін тексеруді уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, олардың оқшауланған бөлімшелері жүргізілетін тексеру мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органға жәрдемдесуге, кез келген қызметкерге сауал қою мүмкіндігін, тексеру мақсатын орындау

үшін қажетті барлық құжаттар мен өзге де ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Инспекциялауды жүзеге асыратын адам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің қызметін тексеру барысында алынған сақтандыру құпиясы не коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауап береді. Өздеріне заң актілерінде берілген өкілеттік шегінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының оқшауланған бөлімшелері мен сақтандыру брокерлерінің қызметін тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарды бұзушылықтағы анықталған жолсыздықтар жөнінде уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және шоғырландырылған негізде қадағалау жүзеге асырылатын тұлғалардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын қадағалау уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуын немесе сақталуын бақылау арқылы жүргізіледі. Пруденциялық нормативтерді:

- 1) жарғылық капиталдың ең аз мөлшері;
- 2) кепілдік қорының ең аз мөлшері;
- 3) төлем қабілеттігі маржасының ең аз мөлшері;
- 4) төлем қабілеттігі маржасының және кепілдік қорының жеткілікті нормативі;
- 5) жоғары өтімді активтердің жеткілікті нормативі;
- 6) активтерді әртараптандыру нормативі құрайды.

Уәкілетті орган қосымша пруденциалық нормативтер белгілеуге құқылы. Төлем қабілеттігі маржасы активтердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінен асуы болып табылады. Кепілдік қоры сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттігін қамтамасыз ету мақсатында төлем қабілеттігі маржасын белгіленген ең аз мөлшерден төмендету нәтижесінде құрылады. Жекелеген сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өздігінен ұстап қалуының ең көп мөлшері актуариймен есептеледі және

төлем қабілеттілігі маржасының нақты мөлшерінен аспауға тиіс. Бұл ретте сақтандыру ұйымы осы тармақта көрсетілген нормативтен асатын сақтандыру тәуекелінің тек қана бір бөлігін қайта сақтандыруға беруге құқылы. Өздігінен ұстап қалудың ең көп мөлшері есептік күнге, сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартын жасасу күнінің алдында екі ай бұрын есептеледі және «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарты қолданыста болған барлық кезең ішінде әрбір келесі есептік күнге сақталуға тиіс. Топтап сақтандыру кезінде жоғарыда аталған норма әрбір сақтандырылушыға жеке есептеледі. Ортақ сақтандыру кезінде жоғарыда аталған норма әрбір ортақ сақтандырушының сақтандыру сомасынан түскен үлес негізінде есептеледі. Уәкілетті орган ипотекалық сақтандыру жөніндегі және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең аз деңгейіне, сондай-ақ ипотекалық сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін сақтандыру резервтерін есептеу тәртібіне қосымша талаптар белгілеуге құқылы. Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандыру ұйымдарының цеденттің алуы үшін есептеген сақтандыру сыйлықақыларының олардан цеденттің алуына есептелген комиссиялық алымдар шегерілгендегі жиынтық мөлшері толық қаржы жылы аяқталғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша алуға есептелген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшерінің сексен бес процентінен аспауға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржылық есеп беруіне кірмейтін туынды қаржылық құралдардың болуы және оларды пайдалануды шектеу туралы мәліметтерді уәкілетті органға береді. Пруденциялық нормативтерді есептеудің нормативтік мәндері мен әдістемелері, сондай-ақ пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу үшін сапасы және өтімділігі бойынша сыныптамасын ескере отырып, активтер құнын есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі

қатысушысы уәкілетті органның жазбаша нұсқамада көрсетілген, қаржылық және (немесе) өзге де есептілікке деректерді түзету жөніндегі талаптарын орындамаған кезде, пруденциялық нормативтерді және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуді уәкілетті орган өзі түзеткен есептілік негізінде жүзеге асырады. Қызметі лицензиялануға тиіс қоғамдардың қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларын жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қолданады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, пруденциялық нормативтерді белгіленген деңгейлерден төмен емес деңгейде ұстау жөніндегі шараларды қолдануға міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (олармен дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеті маржасының мөлшерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген деңгейде қамтамасыз етуге міндетті. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп процентін иеленетін (басқаруға құқығы бар) ірі қатысушысы жоқ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін жекелеген пруденциялық нормативтерді және олардың нормативтік мәнін белгілеуге құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің деңгейі төмендеген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да көп



процентін иеленетін ірі қатысушысы уәкілетті органның талабы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын жақсарту, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеті маржасын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерге ұлғайту жөніндегі шараларды қолдануға міндетті. Егер уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының аффилиирленген тұлғаларының, олардың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, жоғарыда келтірілген шаралар осы тұлғаларға қатысты да қолданылуы мүмкін.

Сақтандырудың және қайта сақтандырудың қолданылып жүрген шарттары бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарий есептеген көлемде қалыптасқан сақтандыру резервтерінің болуы міндетті. Сақтандыру резервтерінің қаражаты тек қана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған. Сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесін қалыптастыруға және олардың құрылымына, соның ішінде қызметі лицензиялануға тиіс қоғамдарға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына:

1) қаржы ұйымдарының жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

2) акциялары Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне листингтің ең жоғарғы және ең жоғарыдан кейінгі санаты бойынша енгізілген, қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалардың акцияларын сатып алудан;

3) сақтандыру қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

4) сақтандыру агентінің қызметін қызметтің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

5) банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалардың қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алудан;

6) Қазақстан Республикасының резиденттері-акционерлік инвестициялық қорлардың акцияларын сатып алудан;

7) сақтандыру ұйымы міндетті сақтандыру шарттары бойынша мәжбүрлеп таратылған кезде сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қордың акцияларын сатып алудан басқа жағдайларда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға тыйым салынады.

«Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларын сатып алу бір эмитенттің орналастырылған акциялары жалпы санының он процентінен аспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын сатып алуы бір заңды тұлғаға:

1) жоғарыда 1), 3)-5) қатарларында аталған заңды тұлғалар үшін – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілетінің іс жүзіндегі маржасының он бес процентінен;

2) жоғарыда 2) және б) қатарларында аталған заңды тұлғалар үшін – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілетінің іс жүзіндегі маржасының он процентінен аспауға тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының жиынтық құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілетінің іс жүзіндегі маржасының алпыс процентінен аспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы:

– акционері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылатын заңды тұлғаның акциялары санының оның дауыс беретін акцияларының жалпы санына проценттік арақатынасының;

– заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына тиесілі қатысу үлесінің он бес, отыз немесе қырық процент деңгейінен көбею немесе азаю фактісін анықтаған күннен бастап он күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

«Сақтандыру қызметі туралы» Заңда белгіленген шектеулер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдарының, капиталына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосмақты қатысуы бар ұйымдардың қызметіне қолданылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бес күн мерзімде өз мүлкінің кепілі, кепілдік беру немесе басқа да баланста көрсетілмеген міндеттемелерді қабылдағаны туралы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кепілдігі тізілімін жүргізуге және өзге де міндеттемелеріне байланысты қосымша талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жауапкершілік лимиті (сақтандыру сомасы немесе өздігінен ұстап қалу) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нормативтен асып кетсе, сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша мәміле ірі мәміле деп танылады. Ірі мәміле жасау туралы шешімді сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі актуарийдің алдын ала қорытындысы негізінде бекітуге тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен жасалған мәмілелер Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып тіркеледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алтын акция шығаруға құқығы жоқ. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес процентінен астам дауыс беретін акцияларын меншік құқығына немесе басқару құқығына алатын тұлға уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға көрсетілген мәміленің жасалғандығы туралы жазбаша хабарлама табыс етуге міндетті. Оффшорлық аймақта тіркелген ұйым мәртебесіне ие заңды тұлғаның немесе оффшорлық аймақта тіркелген жарғылық капиталына заңды тұлғалар тікелей немесе қосылма тұлғалар арқылы қатысатын

заңды тұлғаның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акциялары санының бес проценттен астам мөлшеріндегі дауыс беретін акцияларды иеленуге құқығы жоқ. Осы талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларымен және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларына шығарылған депозитарийлік қолхаттармен жасалған мәмілелердің барлық түріне қолданылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысуымен бірлескен қызмет туралы шарт оны жасаған күннен бастап он күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органда тіркелуге тиіс. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, онымен және оның құрылтайшыларымен қосылма тұлғалардың және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысатын консорциумдар мен жай серіктестіктерге қатысушы ұйымдардың қызметін қадағалау ынтымақтасқан негізде жүзеге асырылады. Ынтымақтасып қадағалау ережелерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Өтініш беруші сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) сақтандыру ұйымын құруға не қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына рұқсат алу кезінде табыс етілген бизнес-жоспарда көзделген сақтандыру сыныптары шегінде лицензия беру туралы өтінішті;

2) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін;

4) статистикалық карточканың және салық төлеуші туралы куәліктің көшірмесін;

5) енгізілген барлық өзгерістермен және толықтырулармен (бар болса) жарғының нотариат куәландырған көшірмесін;

6) ең аз мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін;

7) сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі ережелерін;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат алу кезінде табыс етілген бизнес-жоспарға сәйкес жүргізілген ұйымдастыру іс-шаралары туралы есепті;

9) өтініш берушінің штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтерді;

10) ішкі аудит қызметі туралы ережені;

11) сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға қатысу шартының, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандыру ұйымының мұндай ұйымға міндетті қатысуы белгіленген болса, нотариат куәландырған көшірмесін табыс етеді. Жоғарыда жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды. Сақтандыру ұйымы сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) актуарий қол қойған, сақтандырудың сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспарды;

3) сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға қатысу шартының, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандыру ұйымының мұндай ұйымға міндетті қатысуы белгіленген болса, нотариат куәландырған көшірмесін;

4) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін табыс етеді.

Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда мынадай ақпарат:

1) мыналардың:

- сақтандыру сыныбы бойынша жабылатын тәуекелдердің;
- сақтандыру портфелінің құрылымындағы сақтандыру сыныбы үлесінің;
- сақтандыру сыныбы бойынша қызметтер көрсету нарығы сегментінің (нарық көлемінің, ықтимал сақтанушылардың, географиялық жерінің);
- сақтандыру өнімдерін сақтандыру сыныбы шеңберінде сату тәсілдерінің негізгі сипаттамалары;

2) сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібіне және олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар;

3) осы сақтандыру сыныбы бойынша таяу екі жылға арналған, кірістер, шығыстар, сақтандыру резервтерінің есептері туралы болжам, шығындылық болжамы, ең нашар және ең жақсы жағдайдағы тәуекелдерді бағалау, пруденциялық нормативтердің сақталу болжамы;

4) қайта сақтандыру саясаты (қайта сақтандыру нысандары мен әдістері, қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау өлшемдері);

5) инвестициялық саясат қамтылуға тиіс.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру ұйымын құруға рұқсат алу кезінде бизнес-жоспарда көрсетілген талаптарды орындау мерзімі аяқталғанға дейін сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға жүгінуге құқылы емес. Лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптары алып тасталған жағдайда, лицензия сақтандырудың осы сыныптары алып тастала отырып, қайта ресімделуге тиіс.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптарын алып тастау үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру портфелінің берілуін растайтын құжаттарды табыс етеді. Лицензиат қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру жөнінде таяудағы екі жылға арналған, сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүргізуге лицензиясы бар актуарий қол қойған бизнес-жоспарды;

3) сақтандыру ұйымының сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға қабылдау рәсімін ашатын ішкі ережелерін;

4) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін табыс етеді.

Өтініш беруші сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;  
2) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, статистикалық карточканың және салық төлеуші туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмелерін;

3) мемлекеттік тіркеуден өткен жарғының нотариат куәландырған көшірмесін;

4) жарғылық капиталдың толық төленгенін растайтын құжаттарды;

5) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 34-бабының талаптарына сәйкес сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлерін келісуге арналған құжаттарды;

6) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыру тәртібін көздейтін жұмыстың ішкі регламентін;

7) құжаттама жүргізу тәртібін және клиенттерге қызмет көрсету шарттарын;

8) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін;

9) мемлекеттік тіркеу туралы құжатты, тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (қаржылық ұйымдар үшін – қадағалау органдарының) құрылтайшы – Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының резиденті – сақтандыру брокерінің жарғылық капиталына қатысуға рұқсат етілгені жөніндегі жазбаша хабарламасын не тиісті мемлекеттің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы мәлімдемесін;

10) тиісті мемлекеттің уәкілетті органының құрылтайшы – Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғада заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиясынан айырылған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін мәжбүрлеп тарату, олардың акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған кезден бастап бір жылдан аспайтын кезеңде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің не өзге де қаржы ұйымының басшы қызметкері ретіндегі қызметінде экономикалық және сыбайлас жемқорлық

қылмыстары мен құқық бұзушылықтары бойынша сотталғандығы жоқ екенін айғақтайтын құжатын табыс етеді. Аталған талап лицензиядан айырылған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін мәжбүрлеп тарату, олардың акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

Лицензия бергені (қайта ресімдегені) үшін лицензиялық алым өндіріп алынады, оның мөлшері мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады. Уәкілетті орган лицензия беру (қайта ресімдеу) туралы өтінішті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс. Лицензия беру туралы ақпарат уәкілетті органның мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттары, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көрсетілген құжаттардың мазмұнына, оның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібі мен олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушының келісімі болған кезде бір немесе бірнеше сақтандыру сыныптары бойынша осы сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыруға құқылы. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 37-бабына сәйкес лицензиядан жекелеген сақтандыру сыныптарын алып тастағанда, сақтандыру ұйымы сақтанушының келісімі болған кезде осы сақтандыру сыныбы (сыныптары, түрлері) бойынша сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыруға не сақтанушылармен осы сақтандыру сыныбы (сыныптары, түрлері) бойынша сақтандыру шарттарын бұзуға міндетті. Қайта сақтандыру жөніндегі лицензия ерікті түрде қайтарылған кезде сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру жөніндегі лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыруға міндетті. Лицензиядан жекелеген сақтандыру сыныптарын алып тастағанда, қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия



ерікті түрде қайтарылғанда сақтандыру ұйымы осы сақтандыру сыныбы (сыныптары, түрлері) бойынша шарттар жасасумен және оларды орындаумен байланысты қызметті жүзеге асыруға құқылы емес. Сақтандыру портфелін қабылдайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы оны қабылдау сәтіне, сондай-ақ жаңадан қабылданатын сақтандыру портфелін ескере отырып, барлық пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді орындауға тиіс. Сақтандыру портфелін берудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Сақтандыру қызметін, қайта сақтандыру жөніндегі қызметті, сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден (қайта ресімдеуден):

1) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 37-бабында белгіленген талаптардың сақталмауы;

2) өтініш берушінің мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап алты ай ішінде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия алу үшін жүгінбеуі негіздері бойынша бас тартылады.

Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия немесе қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беруден, жоғарыда келтірілген негіздерден басқа, мынадай:

1) сақтандырудың алынатын қосымша сыныбын ескере отырып, пруденциялық нормативтер сақталмауының болжамы;

2) пруденциялық нормативтердің өтініш берген күнге дейін соңғы үш ай ішінде және оны қарау кезеңінде сақталмауы;

3) өтініш берген күнде сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру түрінде қолданыстағы санкцияның болуы негіздері бойынша бас тартылады.

Уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру рыногындағы актуарий қызметін жүргізуге лицензия беру жөніндегі бірден-бір лицензиар болып табылады. Өтініш берушіге қойылатын талаптар мен лицензия беру туралы өтінішке қоса тіркелетін құжаттардың тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді. Уәкілетті орган лицензия беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес

келетін құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиіс. Актуарий екі жыл сайын уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен біліктілік емтиханын тапсырып отыруға міндетті. Лицензия беру туралы ақпарат уәкілетті органның мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайы нашарлаған, шығындылықты сипаттайтын коэффициенттер (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент) өзгерген жағдайларда уәкілетті орган:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер қабылдауды шектеу туралы;

2) жарғылық капиталды ұлғайту туралы;

3) дивидендтер төлеуді тоқтату және сақтандыру резервтерін ұлғайту туралы;

4) жекелеген филиалдар мен өкілдіктерді жабу арқылы, сондай-ақ қызметкерлерді қосымша жалдауды тоқтату немесе шектеу арқылы шығыстарды қысқарту туралы;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кез келген басшы немесе өзге де қызметкерлерін тұрақты немесе уақытша қызметтен шеттету туралы;

6) тәуекел дәрежесі жоғары кейбір сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін тоқтата тұру немесе шектеу туралы ұсынымдар беруді қоса алғанда, акционерлерге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар қабылдауды ұсынуға құқылы.

Нақты аралық нәтижелер бизнес-жоспарда көрсетілген болжамды нәтижелерге сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бизнес-жоспарда көрсетілген болжамды көрсеткіштерді орындаудағы кемшіліктерді жоюға бағытталған шараларды қабылдау қажеттігі туралы не бизнес-жоспарға тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсынымдар жіберуге құқылы.

Уәкілетті орган:

1) ірі қатысушы мәртебесін алуға уәкілетті органның келісімін алмаған;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алғаннан кейін «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 26-1-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар пайда болған;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 53-2-бабының 7-тармағына сәйкес уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын орындамаған;

4) салдарынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына зиян келтірілген әрекеттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы жасаған;

5) салдарынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына зиян келтірілген, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының арасында уәкілетті органның «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделген қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін қатынастар болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

«Сақтандыру қызметі туралы» Заңда көзделген жағдайлар болған ретте, уәкілетті орган:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының оған тікелей немесе жанама тиесілі акцияларының санын дауыс беретін акциялардың он процентінен төмен деңгейге дейін азайтуды не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін басқаруға тікелей немесе жанама қатысудан, оның ішінде дауыс беру құқығын жүзеге асырудан бас тартуды талап етуге;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан ірі қатысушы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы арасындағы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тәуекелге ұрындыратын операцияларды (тікелей және жанама операцияларды) ірі қатысушыға қатысты жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 20-бабының 8-тармағында көзделген талаптарды уәкілетті орган белгілеген мерзім ішінде орындамаған жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының акцияларын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқаруға сенімгерлік басқарушы ретінде қатысу құқығымен үш айға дейінгі мерзімге уәкілетті органның сенімгерлікпен басқаруына беру жөнінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерімен шарт жасасу туралы шешім қабылдауға құқылы. Акцияларды сенімгерлікпен басқаруға берудің негіздері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде жойылмаған кезде, уәкілетті орган сенімгерлікпен басқарудағы акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында сату жолымен осы акцияларды иеліктен шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Көрсетілген акцияларды сатудан түскен ақша акциялары уәкілетті органның сенімгерлікпен басқаруына берілген тұлғаларға аударылады. Акционерлер акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беруден бас тартқан жағдайда, уәкілетті орган шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы. Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді бұзуын, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуды анықтаған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің және сақтандыру брокерінің заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін анықтаған жағдайларда уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және сақтандыру брокеріне мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін:

- 1) жазбаша міндеттеме талап етуді;
- 2) орындалуға міндетті жазбаша ұйғарым беруді;
- 3) жазбаша ескерту шығаруды;
- 4) жазбаша келісім жасауды қолдануға құқылы.

Уәкілетті орган актуарийдің сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманы бұзуын анықтаған жағдайда уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің жазбаша міндеттемесі орын алған кемшіліктерді және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанын мойындау фактісін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басшылығының немесе сақтандыру брокерінің анықталған

кемшіліктерге және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына бұдан әрі жол бермеу жөніндегі кепілдігін қамтуға тиіс. Жазбаша нұсқама – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді бұзушылықтарды қатаң белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындалуға міндетті түзету шараларын қолдану туралы және анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын одан әрі болғызбау туралы нұсқауы. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері жазбаша міндеттемеге сәйкес өзіне қабылдаған міндеттемелерді қатарынан алты ай бойы бұзған жағдайларда да уәкілетті орган жазбаша нұсқама шығара алады. Бұл жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жазбаша нұсқаманы алған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде уәкілетті органға жазбаша нұсқамада көрсетілген мерзім шеңберінде қаржылық сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын беруге міндетті. Жоспарланған іс-шараларды орындау кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға іс-шаралар жоспарында айқындалған іс-шаралардың орындалуы туралы есеп береді. Жазбаша нұсқаманы орындау мерзімі шеңберінде пруденциялық нормативтер одан әрі төмендетілген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерді шеттетуі уәкілетті органның келісімімен жүзеге асырылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері уәкілетті органға жазбаша нұсқаманы сонда көрсетілген мерзімде орындағаны туралы хабарлауға міндетті. Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына сотқа шағымдану оны орындауды тоқтата тұрмайды. Жазбаша ескерту сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне, егер орын алған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар уәкілетті орган белгілеген мерзімде жойылмаса, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері өзіне қабылдаған міндеттемелерді жазбаша міндеттемесінде және (немесе) уәкілетті органның жазбаша нұсқамасында белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 53-3-бабында көзделген санкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы уәкілетті органның хабарламасы болып табылады. Жазбаша келісім – уәкілетті орган мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері арасындағы анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою қажеттігі

туралы және осы бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою жөнінде бірінші кезектегі шараларды бекіту туралы келісім. Жазбаша келісім екі тарап та орын алған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою үшін оларды уәкілетті орган анықтаған сәттен бастап екі айдан астам мерзім қажет деген ұйғарымға келген жағдайда жасалады. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне бұрын қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда айқындалған кез келген шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы. Жоғарыда келтірілген шаралар, егер уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларының, олардың лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, осы тұлғаларға да қатысты қолданылуы мүмкін.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе сақтандыру брокеріне санкциялар қолдануды уәкілетті орган не сот «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға сәйкес жүргізеді. Уәкілетті орган санкциялар ретінде мынадай шараларды:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен әкімшілік айыппұл салуды;

2) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 54-бабында белгіленген негіздер бойынша лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 55-бабында көзделген негіздер бойынша лицензиядан айыруды;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын оның акционерлерінен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдауды және оларды «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 61-бабының талаптарына сәйкес жаңа инвесторға сатуды;

5) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 34-бабында аталған тұлғаларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттерін қолданыстағы заңнаманың талаптарына сай келмейді деп тану үшін жеткілікті деректер негізінде бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерінің лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді кері қайтарып ала отырып, қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуді қолдануға құқылы.

## 10 дәріс. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУІ

Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы аяқталған соңғы қаржы жылының қорытындылары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының залал шекпеген қызметі жағдайында өкілдік ашуға құқылы. Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде, әділет органдарында есептік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде осы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін уәкілетті органға табыс етуге тиіс. Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасынан тыс жерде филиалдар мен өкілдіктер ашқан жағдайда, мемлекеттің тиісті органында тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттің тиісті органындағы тіркеуді растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, олардың ашылғаны жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз өкілдігін уәкілетті органның келісімінсіз ашуға құқылы. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі әділет органдарында есептік тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде:

1) Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өкілдігінің есептік тіркелу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;

2) тіркеген әділет органының белгісі мен мөрі қойылған өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін;

3) тиісті мемлекеттің сақтандыруды қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру қызметіне қолданылып жүрген лицензиясы бар екені туралы жазбаша растауын не сақтандыруды қадағалау органының жазбаша растау беру Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы шыққан елдің заңнамасында көзделмегені туралы мәлімдемесін;

4) тиісті мемлекеттің сақтандыруды қадағалау органының Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігін ашуға қарсылық білдірмейтіні туралы жазбаша хабарламасын не тиісті мемлекеттің сақтандыруды қадағалау органының немесе беделді заң қызметінің Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы мәлімдемесін;

5) сақтандыру ұйымының өкілдігі басшысының атына берілген нотариат куәландырған сенімхатты қоса тіркей отырып, өзінің ашылуы жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге тиіс. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын ашуға тыйым салынады. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі әділет органдарында есептік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы, осы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса тіркей отырып уәкілетті органды хабардар етуге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің филиалын және (немесе) өкілдігін әділет органдарында (филиалдың немесе өкілдіктің қызметі Қазақстан Республикасынан тыс жерде тоқтаған кезде мемлекеттің тиісті тіркеу органында) есептік тіркеуден шығарған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын және (немесе) өкілдігін есептік тіркеуден шығарғанын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін қоса тіркей отырып, олардың қызметін тоқтатуы жөнінде уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге тиіс. Осы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның талаптары орындалмаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының резиденті – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын және (немесе) өкілдігі мен Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігін жабуды талап етуге құқылы.



## ГЛОССАРИЙ

**Актуарий** – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйлықақысы ставкаларының экономикалық-математикалық есептеулерін жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүргізіп жатқан және жүргізуді жоспарлап отырған сақтандыру түрлерінің пайдалылығы мен кірістілігін бағалауды жүргізетін, уәкілетті органның лицензиясы бар жеке тұлға.

**Ассистанс** – сақтандыру ұйымдарының, заңды тұлғалардың сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) саяхатта не тұрғылықты жерінен алыста жүрген уақытта қиын жағдайға душар болғанда сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан оған техникалық, медициналық жәрдемдесу арқылы ақшалай және (немесе) табиғи-заттай нысанда көмек көрсетуі.

**Бақылау** – бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі, ол мынадай:

- бір тұлға басқа тұлғаның дауыс беретін акцияларының елу процентінен астамын дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін не басқа заңды тұлғаның акцияларының елу процентінен астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігі болатын;
- бір заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесі немесе басқармасы құрамының кемінде жартысын сайлау мүмкіндігі болатын;
- бір заңды тұлғаның қаржылық есептілігі аудиторлық есепке сәйкес басқа заңды тұлғаның қаржылық есептілігіне қосылатын;
- бір заңды тұлғаның шартқа (растайтын құжаттарға) орай немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда өзгеше түрде басқа заңды тұлғаның шешімдерін айқындау мүмкіндігі болатын жағдайлардың бірі болған кезде туындайды.

**Бас ұйым** – басқа заңды тұлғаға бақылау жасайтын заңды тұлға.

**Еншілес ұйым** – өзіне қатысты басқа заңды тұлға бақылау жасайтын заңды тұлға.

**Заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін жанама иелену не акцияларын иелену** (олармен дауыс беру) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның ірі қатысушысының немесе басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену (олармен дауыс беру) арқылы бірлесіп заңды тұлғаның ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалардың шешімдерін анықтау мүмкіндігі.

**Заңды тұлғаның ірі қатысушысы** – заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының он не одан да көп процентін тікелей немесе жанама иеленетін (мемлекет, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық холдинг немесе ұлттық басқарушы компания осындай иелік етуші болып табылатын жағдайларды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлға.

**Капиталға қомақты қатысу** – дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жиырма және одан да көп процентін тікелей немесе жанама, дербес немесе бір не бірнеше тұлғамен бірлесіп иелену не акциялардың жиырма және одан да көп проценті мен дауыс беру мүмкіндігінің болуы.

**Қайта сақтандыру** – өздерінің арасында жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес бір жағынан сақтанушының сақтандыру тәуекелдерінің бәрін немесе бір бөлігін қайта сақтандыруға беруіне және екінші жағынан осы тәуекелдерді қайта сақтандыру ұйымының қабылдауына байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар.

**Қайта сақтандыру ұйымы (қайта сақтандырушы)** – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

**Қайта сақтандырушы (цедент)** – өзі қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асыратын сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымы.

**Мінсіз іскерлік бедел** – кәсіпқойлықты, адалдықты, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары немесе орташа ауырлықтағы, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген сотталғандығы жоқ екендігін растайтын фактілердің болуы.

**Ортақ сақтандыру** – бірнеше сақтандыру ұйымдарымен бір мезгілде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін қабылдап, олардың жауапкершілігін өздерінің арасында жасалған ортақ сақтандыру шартына сәйкес бөлуге байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар.

**Пруденциялық нормативтер** – уәкілетті орган белгілейтін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтауы үшін міндетті нормативтер.

**Сақтандыру агенті** – берілген өкілеттіктеріне сәйкес бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсыруы мен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

**Сақтандыру брокері** – сақтанушының тапсыруы мен сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының мүддесін білдіретін немесе өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты қызмет көрсету жөніндегі делдалдық қызметті, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

**Сақтандыру қызметінің субъектілері** – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары.

**Сақтандыру портфелі** – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының, сондай-ақ олар бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) жиынтығы.

**Сақтандыру резервтері** – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актуарий есептеулері негізінде бағаланатын міндеттемелері.

**Сақтандыру қызметінің кәсіби қатысушылары** – өз қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиялары негізінде жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий.

**Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы)** – сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын заңды тұлға.

**Өздігінен ұстап қалу** – жауаптылық көлемінің бір бөлігі, соның шегінде сақтандырушы немесе қайта сақтандырушы (цедент) сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартына сәйкес өз есебінен жауапты болады.

**Сақтандыру ережелері** – сақтандыру ұйымының белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын құжаты.

**Сақтанушы** – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға.

**Сақтандырылған тұлға** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылған тұлға.

**Пайда алушы** – сақтандыру шартына немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

**Сақтандыру жағдайы** – басталған бойда сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

**Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру немесе аннуитет шартында көзделген мөлшерде сақтандыру мөлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

**Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектілері сақтандырылған адам және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

**Сақтандыру төлемі** – сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы туындаған кезде не жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім туған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

**Сақтандыру құпиясы** – сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ:

1. Гражданское право. Учебник (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Том 2. Алматы, 2002.
2. В.В. Шахов. Страхование. Учебник для ВУЗов. М., 2000.
3. Абрамов В.Ю. Третьи лица в страховании. М.2003.
4. Асамбаев Н.Т. Отечественный и зарубежный опыт страхования. // Юрист. – М., 2002 г. – № 6.
5. Антонова Н.А. Страхование предпринимательского риска: проблемы и перспективы. // Юрист. – М. 2003. – № 9.
6. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Страхование. М.2002.
7. Белых В.С., Кривошее И.В. Страхование право. М.2001.
8. Бендина Н.В. Страхование. Конспект лекций. М. 2000.
9. Гвозденко А.А. Финансово – экономические методы страхования. М. Финансы и статистика. 1998.
10. Гвозденко А.А. страхование в туризме, М. 2002.
11. Губарев Д.С. Правовые аспекты страхования иностранных инвестиций от некоммерческих рисков. // Государство и право. М. 2001. № 11.
12. Ефимов С.А. деловая практика страхового агента и брокера. М. ЮНИТИ. 1996.
13. Ефимов С.А. Энциклопедический словарь: Экономика и страхование, М., ЦерихПЭЛ, 1996.
14. Крутик А.Б., Никитина Т.В. Страхование. Учебное пособие. М. 2001.
15. Крюков В.П. Очерки по страховому праву. Систематическое изложение и критика юридических норм страхового дела. Саратов, 1992 г.
16. Кудрявцев А.А. Демографические основы страхования жизни. СПб., 1996.
17. Кудрявцев А.А. Страхование здоровья (опыт Великобритании). СПб., 2000.
18. Петров Д.А. Страхование право. М. Инфра – М., 2001.

19. Сарников С.Э. Личное страхование. М., Финансы и статистика. 1996.
20. Социальное и личное страхование. Опыт страхового рынка ФАГ. М., Анкил. 1996.
21. Страхование от А до Я. Книга для страхователей, (под ред. Л.И. Корчевского, К.Е. Турбиной), М., Инфра – М. 1996.
22. Турбина К.Е. Тенденции развития мирового рынка страхования. М. Анкил. 2000.
23. Турбина К.Е. Теория и практика страхования. М. Анкил. 2003.
24. Тихомиров М.Ю. Споры об уплате страховых взносов в государственные внебюджетные фонды. Сборник документов, М. Инфра – М., 2001.
25. Экономика страхования и перестрахования. М., Анкил. 1996.
26. Экономическое страхование в Ленинградской области. Сборник юридических и нормативно – экономических документов / Под ред. Проф. Г.А. Моткина., М., "Ось-89", 1999.
- 27.** Юлдашев Р.Т. Страховой бизнес (словарь – справочник) М., Анкил.2000
28. Юлдашев Р.Т., Тронин Ю.Н. Российское страхование: системный анализ понятий и методология финансового менеджмента. М., Анкил. 2000.

## НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР:

1. Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995г.
2. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27.12.1994 г.
3. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 01.07. 1999 г.
4. Закон Республики Казахстан «О страховой деятельности» от 18 декабря 2000 г. № 126-ІІ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2007 г.).
5. Закон Республики Казахстан от 10 марта 2004 года № 533-ІІ «Об обязательном страховании в растениеводстве» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.05.2007 г.).
6. Закон Республики Казахстан от 31 декабря 2003 года № 513-ІІ «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности туроператора и турагента» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.05.2007 г.) .
7. Закон Республики Казахстан от 4 июля 2003 года № 474-ІІ «О государственном регулировании и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.02.2007 г.).
8. Закон Республики Казахстан от 13 июня 2003 года № 440-ІІ «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности аудиторских организаций» (с изменениями и дополнениями от 05.05.2006 г.).
9. Закон Республики Казахстан от 11 июня 2003 года № 435-ІІ «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности частных нотариусов».
10. Закон Республики Казахстан от 3 июня 2003 года № 423-ІІ «О Фонде гарантирования страховых выплат» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.05.2007 г.).
11. Указ Президента Республики Казахстан от 31 декабря 2003 года № 1270 «О дальнейшем совершенствовании системы государственного управления Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.05.2007 г.).

12. Указ Президента Республики Казахстан от 30 июня 1998 года № 3986 «О дальнейших мерах по оптимизации органов государственного управления» (утратил силу).
13. Указ Президента Республики Казахстан от 27 ноября 2000 года № 491 «О государственной программе развития страхования в Республике Казахстан на 2000-2002 годы» (утратил силу).
14. Постановление Правительства Республики Казахстан от 1 июля 2004 года № 729 «Об утверждении Программы развития страхового рынка Республики Казахстан на 2004-2006 годы» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.04.2006 г.).
15. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 июля 2003 года № 753 «О Концепции развития финансового сектора Республики Казахстан» (с изменениями, внесенными постановлением Правительства РК от 24.02.05 г. № 169).
16. Постановление Правительства Республики Казахстан от 3 августа 2002 года N 866 «О создании Межведомственной комиссии по вопросам введения обязательных видов страхования» (с изменениями, внесенными постановлением Правительства РК от 11.10.02 г. N 1117) (утратило силу).
17. Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 августа 1998 г. N 776 «О реорганизации Государственной компании по иностранному страхованию Республики Казахстан «Казахинстрах»».
18. Постановление Правительства Республики Казахстан от 18 декабря 1997 года N 1780 «Об утверждении Положения о Департаменте страхового надзора Министерства финансов Республики Казахстан» (утратило силу).
19. Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 17 апреля 1995 года № 496 «О преобразовании государственной коммерческой страховой компании Республики Казахстан».
20. Распоряжение Премьера-министра Республики Казахстан от 16 мая 2000 года N 75-р «О создании рабочей группы по разработке проекта Закона Республики Казахстан "Об обязательном медицинском страховании"».



21. Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций от 29 июля 2004 года № 245 «Об утверждении Плана мероприятий Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций по реализации Плана мероприятий по реализации Программы развития страхового рынка Республики Казахстан на 2004-2006 годы».
22. Постановление Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций от 12 апреля 2004 года N 115 «Об утверждении Основных мероприятий по совершенствованию регулирования и надзора финансового рынка с учетом директив Европейского Союза и Плана мероприятий по реализации Основных мероприятий по совершенствованию регулирования и надзора финансового рынка с учетом директив Европейского Союза на 2004 год».
23. Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 17 июня 2003 г. N 186 «Об утверждении норматива для признания крупной сделки по страхованию (перестрахованию)».
24. Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 16 марта 2002 года N 87 «Об утверждении Правил по осуществлению контроля за деятельностью ликвидационных комиссий ликвидируемых банков и страховых (перестраховочных) организаций» (утратило силу).
25. Письмо территориального НК № 117 «Касательно удержания налогов при страховании работников».
26. Письмо территориального НК № 111 «О добровольном медицинском страховании работников».
27. Письмо Налогового комитета Министерства финансов Республики Казахстан от 4 марта 2005 года № НК-УМ-5-16/1977.
28. Соглашение об обмене информацией между органами страхового надзора и регулирования страховой деятельности государств-членов ЕврАзЭС (г. Бишкек, 30 сентября 2004 года).

29. Соглашение о сотрудничестве в области страхования в рамках Евразийского экономического сообщества (Душанбе, 27 апреля 2003 г.).
30. Решение о создании Межгосударственного координационного совета руководителей органов страхового надзора государств – участников СНГ (Тбилиси, 3 июня 2005 г.).

*КҚУ тематикалық жоспары, 2007 ж.*

*Дәрістер курсы*

## **САҚТАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ**

Қазиева Гүлжауһар Тұрсынханқызы  
аға оқытушы

*Редакторы Шупшибаева Н.С.*

*Техникалық редакторы Сансызбаева Г.З.*

ҰСЫНЫЛҒАН      КҚУ оқу-әдістемелік кеңесі

КЕЛІСІЛГЕН      Жеке-құқықтық пәндер кафедрасының  
меңгерушісі, з.ғ.д. Мороз С.П.

*Басуға қол қойылды 6.12.2007 ж.*

*Таралымы 100 дана. Пішімі 60x84/16. №1 баспаханалық қағаз.  
Көлемі 7,25 баспа табақ. Тапсырысы № 629*

*Каспий қоғамдық университетінің басылымы  
КҚУ-ның ғылыми баспа орталығы баспаханасында басылған  
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 521. тел. 250-69-34, 250-69-35*